

#ӘділеттіҚазақстан

Мемлекеттің міндеті – заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдау көрсету.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘЛЕУМЕТ



БАҒА БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

2

ЖОЛДАУ – 2022



ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

3

АСАНБАЙ АСҚАРОВ – 100



АБЫРОЙЫ АСҚАҚ АСҚАРОВ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

10.09.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

11.09.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №104 (6239) 10 қыркүйек, сенбі, 2022 жыл.

ЖЕТІСУ ЖАНДАНАДЫ, ЖАҒДАЙ ЖАҚСАРАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы қаламыздағы ең байырғы аудандардың бірі – Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті. Қала өміріне тікелей қатысы бар кәсіпорындар мен өндіріс ошақтары шоғырланған аталмыш аудан тұрғындарының айтары көп болғандықтан, қала басшысымен болатын кездесуді зор үмітпен күтті. Кездесу барысында қала басшысы тұрғындар тарапынан келіп түскен тілектер мен ұсыныстардың ескерілетінін, әкімшіліктің атқарып жатқан жұмыстары туралы да хабардар еткісі келетінін жеткізді.

4-5

ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

ШАТТЫҒЫ ШАЛҚЫҒАН ШАҢЫРАҚ

Алматыда көпбалалы отбасылар байқауы өтті



Елімізде жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісінде «Отбасы күні» аталып өтеді. Кез келген адам, мейлі ол үлкен не кіші болсын, таңертең үйінен бірі – жұмысқа, екіншісі – сабаққа не балабақшаға шығады. Ал кешке бәрі сол жылы ұясына, яғни отбасына оралады. Бір-бірімен қайта қауышады. Бүтінгі күндерінің қалай өткенін бір-біріне жарыса әңгімелеп, қызықтарымен бөлісіп жатады. Бәрімізді құшағына сыйдырып тұратын отбасымыздың болғаны қандай ғажап! Сондықтан да отбасы – қастерлі ұғым. Ол – бәріміздің жүрегімізге ең жақын аяулы сөз.

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев Халық Қаһарманы, Ұлттық құрылтай мүшесі Токтар Әубәкіровті қабылдады.
- Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігіне барып, II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.
- Премьер-Министр Әлихан Смайылов Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.
- Анкарада «Тіл туының туғыры – Ахмет Байтұрсынұв» атты конференция өтті.
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
- А.Ғиният: Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің жаңа мемлекеттік нормативі бекітілді.
- Қазақстанда көпбейінді орталық аудандық ауруханалар ашылып жатыр.
- «Отандастар қоры» шетелде тұратын қандастарымыздың балаларына қазақ тілін үйрету мақсатында «Достар алаңы» жобасын іске қосты.
- 1 қазаннан бастап тұмауға қарсы вакцинация басталады.

www.almaty-akshamy.kz



6



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізіп, мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктің рөлін талқылау бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті. Экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасатыны айтылды.

«Бәсекелестік жағдайы теңестіріледі. Енді қандай да бір тұлғаға басымдықтар берілмейді. Мемлекеттік аппараттағы байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлыққа қарамастан, Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесті дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіруге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар, мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесті қолдаудан бас тартпайды. Керісінше, біз, ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуға шақырамыз», – деген Мемлекет басшысы бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар шешім қабылданатынын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбегейлі қайта қаралады.

«2024 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады. Бұл – менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесті артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сатып алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Қазақстанның Су кеңесінің отырысында су саласын кешенді дамыту бойынша жоспарлар қаралды.

«Су үнемдеуді ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеу, кезең-кезеңмен су қоймаларын реконструкциялап салу қажет. Міндетті түрде су ресурстарын басқаруды цифрландыру және автоматтандыру жөніндегі жұмысты кеңейту маңызды, себебі бұл – осы саладағы тиімділікті арттырудың негізгі әдістерінің бірі», – деді Әлихан Смайылов.

■ ЗЕЙНЕТАҚЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қазақстандықтардың шотына 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды.

Өткен жылдың қантарынан бастап БЖЗҚ салымшылардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға берілген 1 330 675 өтінішті орындаған. Уәкілетті оператор банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды. Бір жолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы 2,4 млн теңгені құрады.

Ең көп орындалған өтініштер Алматы (17,61%), Нұр-Сұлтан (14,02%), Маңғыстау облысының (10,35%) тұрғындарына тиесілі.

■ ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Денсаулық сақтау министрлігі «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын әзірледі.

Жобаның мақсаты – барлық ауылдық елдімекендерді бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл халқына шұғыл медициналық көмек көрсету тиімділігін арттыру есебінен қалалық және ауылдық денсаулық сақтау арасындағы теңгерімсіздікті қысқарту. Жоба келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді: ауылдарда жетіспейтін медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар сияқты БМСК объектілерін салу; республиканың бүкіл аумағын заманауи көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісімен қамту, соның ішінде инсульт орталықтарын, кардиология, реанимация, оңалту бөлімшелерін КТ, МРТ, УДЗ, ОЖЖ және басқа да қажетті аппараттармен жарақтандыру. Жоба шеңберінде ауылдарда 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектілерін салу, реконструкциялау, қосымша жарақтандыру, соның ішінде 700 мыңнан астам ауыл тұрғындарын медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік беретін жаңа 228 және жұмыс істеп тұрғандарының орнына 427 объект салу жоспарланып отыр.

■ БЮДЖЕТ

Қаржы вице-министрі Татьяна Савельева Қазақстанда мерзімінен бұрын өтетін президенттік сайлауға шамамен қанша қаржы жұмсалатынын мәлімдеді.

«Өзгерістер мен жаңа тапсырмаларды ескере отырып, биылғы жылы қаражат президенттік сайлауға арналған Үкімет резервінен бөлінеді. Қазір ОСК есептеулер жүргізіп жатыр. Оларды жүргізу үшін шамамен 20 млрд теңге қажет болады», – деді вице-министр. Ол сондай-ақ парламенттік сайлауды өткізуге тағы 25 млрд теңге қажет болатынын айтты.

«Жалпы президенттік және парламенттік сайлауға шамамен 45 млрд теңге кетеді», – деп мәлімдеді Татьяна Савельева.

■ КӨШІ-ҚОН

2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 11 165 этникалық қазақ тарихи Отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Министрлік мәліметінше, 1991 жылдан бері республикаға барлығы 1 млн 99,1 мың этникалық қазақ оралған екен. Биыл жыл басынан бері елге оралған қандастардың жартысынан астамы (69,6%) Өзбекстаннан, 10,5% – ҚХР-дан, 7,1% – Түркіменстаннан, 4,6% – Моңғолиядан және 8,3% – басқа елдерден келіпті. Этникалық қазақтар негізінен Алматы (30,8%), Маңғыстау (17,2%), Түркістан (9,4%) және Жамбыл (6,8%) облыстарында, сондай-ақ Алматы (5,9%), Нұр-Сұлтан (7,5%) және Шымкент (7,6%) қалаларында қоныстанған.

Осы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылардың саны 59,5%-ды, еңбекке қабілетті жастағы кіші адамдар 27,1%-ды және зейнеткерлер 13,4%-ды құрайды. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың білім деңгейі бойынша 12,3%-ы жоғары білімді, 38,9%-ы арнайы орта білімді, 47%-ы жалпы орта білімді және 1,7%-ының білімі жоқ.

■ ӘЛЕУМЕТ

БАҒА БАҚЫЛАУДА
БОЛАДЫ

Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин Алматы мен Алматы облысына жұмыс сапарымен арнайы келді. Министр қаладағы бірқатар өнеркәсіп орындарын аралады, кәсіпкерлермен кездесіп, тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Қант зауыттарына қолдау көрсетіледі

Министрлер кабинетінің өкілі алдағы уақытты өзіне сеніп тапсырылған салада қандай жаңалықтар мен өзгерістер болатыны жайлы баяндады. Ол халықты қысып бара жатқан қымбатшылыққа, қанттың тапшылығы секілді соңғы кездегі тосын жайттарға мемлекеттің дайын болмағанын ашып айтты.

«Жұмысты жоспарлауда, ертеңгі күнге болжам жасауда, квоталарды бөлуде олқылықтардың кеткені рас. Мемлекеттік квоталарды алған кәсіпкерлер қантты дұрыс жеткізудің орнына алыпсатарлықпен айналысты. Нәтижесінде квоталар Telegram-арналарында сатылды, бұл халыққа ешқандай пайда әкелмеді», – деді министр.

Лауазымды қызметке келгеніне бірнеше апта енді болған министр Серік Жұманғарин Үкіметке әлеуметтік маңызы бар азық-түлікпен жұмыс істеудің жаңа кестесін ұсынған болатын. Ол алматылық кәсіпкерлермен кездесу барысында да өзінің ұсынысын айтты. Министрдің айтуынша, қант зауыттарына қант өндіретін шикізатты сатып алуға қолдау көрсетіліп, нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай көлемде қант өндіруге жағдай жасалады және қанттың бағасы 460 теңге болады.

«Біз қантқа 10%-дан артық үстеме баға қоспайтын, көлік шығындары да барынша аз болатын сауда желілерімен жұмыс істейміз. Сонда дүкендердің сөресінде міндетті түрде қант болады, тапшылық болмауы керек. Өз еліміздегі зауыттар алаңсыз жұмыс істеуі үшін өзге елдерден басқалар арзан өнім әкеліп, өз өнімімізді нарықтан сырғызбайтындар бағаны белгілеуіміз керек», – деп түсіндірді С.Жұманғарин.

Бесінші қант зауыты салынады

Министрдің айтуынша, зауыттардан түскен пайда қант зауыттарын жаңғыртуға жұмсалады, оңтүстік өңірде Қазақстанда еліміздегі бесінші қант зауытын салу жоспарланып отыр.

Айта кеткен жөн, Қазақстан 530 мың тонна қант тұ-

тынады, оның 230 мың тоннасын тұтынатындар – халық пен шырын өндірушілер, тағы 80 мың тоннасын конди-терлік өнімдер өндірушілер тұтынады. Министрліктің есептеуінше, қант тапшылығы болмау үшін айына 45 мың тонна қант өндіру қажет. Өндірісті қолдаудың осыған ұқсас схемасы басқа әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге де ұсынылды.

Әлеуметтік әмиян деген не?

Алдағы аптада Серік Жұманғарин Үкіметке әлеуметтік әмиянды және отбасының цифрлық картасын енгізу жөніндегі шараларды таныстырмақ.

«Әр азаматтың телефонында әмияны тіркелген белгілі бір нөмірі болады, сол арқылы ол мемлекеттің өзіне жіберетін барлық қаржысын бақылай алады. Айталық, сізге әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке АӘК түсті. Осы ақшаны мақсатына қарай жұмсауға болады. Біз Ұлттық статистика бюросының тұтыну нормаларын негізге ала отырып, ӘМАТ (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік) сомасын есептейміз, Ұлттық экономика министрінің бұйрығына енгізілуі тиіс тұтыну нормасы бар. Шамамен жылына 200 мың теңге тұтыну нормасы бойынша АӘК алушы бұл өнімдерге қол жеткізуі керек. Бірақ әрине, адам бұл ақшаға не сатып алу керектігін өзі шешеді», – деп түсіндірді Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин.

Министрдің болжамынша, біраз адам, кем дегенде 1 млн адам осындай көмекпен қамтылады. Бірақ министрлік бағаны бақылауды толығымен тоқтатпайды, қандай жағдайда да мұндай шара сақталады. Министрлік өндіруші мен сатып алушы арасындағы делдалдық, бағаның өсу себептерін, сондай-ақ фермерлерде өнімді сақтау орындарының болмауын анықтауға назар аударады.

«Бағалар супермаркеттерде емес, үйдің жанындағы дүкендерде және базарларда өсуде. Президент оларды тексеріп, тауар өндіру тізбегіне мониторинг жүргізуді тапсырды. Сондықтан көп ұзатпай, бізге фермерлер өнімдерін сақтай алатындай арнайы орталықтар салу қажет», – деді С.Жұманғарин.

Жақында тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін электр энергиясына тарифтерді теңестіру туралы да сөз қозғалған болатын. Егер тариф төмендейтін болса, мемлекеттік органдар отандық тауарлар мен қызметтер бағасының төмендейтінін болжады. Бизнес үшін электр энергиясының тарифті төмендетілуі мүмкін. Алайда, халық арасында мұндай болжамдар сенімсіздік тудырады, өнім өндірушілер бағаны төмендететініне кепілдік жоқ. Серік Жұманғарин бағанын тұрақты болуына бар күшін салатынын атап өтті. «Егер электр энергиясының тарифі тұрақты болса, онда біз ірі өндірушілерден кем дегенде бағаны сақтауды немесе оларды төмендетуді немесе қызметкерлердің жалақысын көтеруді талап етеміз», – деді министр.





ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Д.А.Қонаев атындағы Заң академиясының қабырғасында Президент Жолдауын талқылауға арналған алқалы жиын өтті. Іс-шараға Д.А.Қонаев атындағы Заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалаири, заң ғылымының докторы К.Айтқожин, профессор Еркінбек Рақымбаев бастаған осы оқу орнының оқытушылары, студенттері, т.б. жетекші мамандар қатысты.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Жиын барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауының мән-маңызы, халыққа берер пайдасы, құқықтық мемлекетке айналу мәселесі, азаматтардың ой-пікірінің ашық жүруі, Конституциялық реформалар, т.б. жайында кеңінен айтылды. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының басты қағидаттары баяндалды. Ол туралы Д.А.Қонаев атындағы Заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалаири айтып өтті.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауын халық ыстық ықыласпен қабылдады. Енді алдымызда жаңа бастамалар күтіп тұр. Оны жүзеге асыру бәрімізге ортақ шаруа. Сондай-ақ, құқықтық мемлекетке айналуымыз керек. Егер осыны іске асырсақ, соттың әділдігі, заңдардың орындалуы сияқты дүниелер біртіндеп шешіле бермек, – деді ол.

Сондай-ақ, дүние жүзіндегі саяси тәжірибе, оның қоғамға тигізер әсері де айтылмай қалған жоқ.

– Біз тарихи кезеңге аяқ бастық. Еліміздегі саяси өзгерістердің ауқымы кең. Мұндай өзгерістер әлемде бар тәжірибе.



Бұрынғы Парламент өз деңгейінде жұмыс атқара алмады. Соның нәтижесінде құқықтық мемлекетке айналу жолдары ашық

бола қойған жоқ. Сондықтан құқықтық-нормативтік заңдар дұрыс жұмыс істей алмады. Әлі күнге дейін Президенттің өкі-

леттіліктеріне байланысты Парламент жұмысын нақтылап жүргізе алмадық. Мемлекет басшысының 7 жылдық мерзім дегені оң ой. Алдағы уақытта осы мәселелерді құқықтық жолмен шеше алсақ, нұр үстіне нұр болмақ, – деді К.Айтқожин.

Сонымен қатар, жиында парламенттік республикаға қатысты пікірлер айтылды. Оның мемлекетке берер әсері сөз болды.

– Әлемдегі ахуал өзгеріп барады. Көрші Қырғыз елі парламенттік республика болды. Бірақ онда толқулар өтіп, тұрақсыздықтар орын алды. Олар қайтадан Президенттік басқару режиміне қайтып келді. Егер біз де Парламентке бар күшті берсек, қырық пышақ болып қалуымыз мүмкін. Сондықтан Президенттік басқару болуы қажет. Ең бастысы, жемқорлықты жою шарт. Бұл – уақыт күттірмейтін мәселе. Дәлірек айтқанда, бей-жай қарауға болмайды. Мейлінше заң үстемдігін іс жүзінде жүзеге асырайық, – деді заң ғылымының докторы Еркін Дүйсенов.

ҰСЫНЫС

ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында көптеген маңызды мәселелермен бірге, бір бағдар сот жүйесіне арналады, яғни қоғамда заң үстемдігін нық орнықтыру үшін сот төрелігі әділ түрде атқарылуы тиіс екені назарға алынады. Яғни судьялар қауымын жаңа форматта іріктеп, жаңартуды көздеген Мемлекет басшысы судьялардың материалдық жағдайын жақсартуды ескере отырып, олардың араларындағы тәуелділікті толығымен жою үшін судьялардың құқықтық мәртебесін теңестіруді нақтылайды. Әрине, бұл фактор соттардың әділ шешім шығаруына түрткі болатыны сөзсіз.



Осы орайда, Президент күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуі тиіс деп нақтылайды. Алайда, өкінішке қарай, қазіргі кезде судьяларға әкімшілік ресурстар арқылы түрлі қысым көрсететін амал-тәсілдің бары рас. Судьялардың қызметіне жанама түрде араласу деп түсіну қажет. Бұл заңсыз әрекеттерді шектеу үшін жауаптылықты күшейту мәселесіне көңіл бөледі. Сонымен қатар, Президент сот актілеріне ерекше тоқталды, яғни судья өз шешімінде өрескел қателік жіберсе (техникалық және грамматикалық қателіктерді қоспағанда) немесе оның күші жойылса, әрбір сот актісін Судьялар алқасы тексереді деп айтады. Бұл өте орынды деп санаймын.

Президент Қ.Тоқаевтың ойынша «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қарастыру әділ шешім қабылдауға септігін тигізеді.

Бұл орайда, апелляция институтын реформалау қажеттігі туындайды, атап айтқанда, қаралған істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуға әкеледі. Нәтижесінде Қазақстан

Республикасының Азаматтық процесілік кодекстегі апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіліктері өзгереді деген сөз.

Мемлекет басшысы бизнес өкілдері сотқа жүгіну барысында соттардағы мемлекеттік баж мөлшерлемелері тым жоғары болуы олардың өз мүддесін қорғауына айтарлықтай кедергі келтіреді деп есептейді. Бұл – өте орынды пікір. Сондықтан қазіргідей талап-арызда көрсетілген сомандан алынатын пайыз мөлшерінің орнына мүлік даулары бойынша ақылға қонымды баж мөлшерін белгілеу қажет. Осы тұрғыдан мүлктік сипаттағы талап қою арызы заңды тұлғалар үшін – талап қою соммасын 3 пайыздан 1 пайызға төмендету қажет деп ойлаймын.

Президент сот процестеріне мемлекеттің қатысуын азайтуды жөн көреді, яғни мемлекеттік органдар немесе ұйымдар арасындағы туындаған дауларды Үкіметпен түпкілікті түрде шешуі тиіс деген тұжырымға келеді. Бұл өз кезегінде соттарды тиісті істерді қараудан ішінара босатады деген ойдамын.

Президент ұқсас істер бойынша әртүрлі шешімдер қабылданып жайттардың алдын алу үшін,

яғни сот төрелігін атқару ісін біріздендіруді қамтамасыз етуді Жоғарғы соттың интеллектуалды жүйесін енгізумен ұштастырады. Бұл Біркелкі сот практикасын қалыптастырады деген тұжырым жасауға болады.

Қорытындылай келе, жоғарыдағы аталған жаңа реформалар сот жүйесінде әділетті шешімдер қабылдауға барынша мүмкіндік береді. Бұл фактор Жаңа Әділетті Қазақстанды құру үшін өте маңызды болып табылады. Әділетті шешім қабылдау моральдік тұрғыдан қоғаммен оңды бағаланады. Дегенмен, әділеттілік қағидасы Конституциямызда нақты орын алмағандығы Қазақстан Республикасындағы сот төрелігін тек «қара қылды қақ жаратын» тұрақты судьялармен ғана жүзеге асыруын қиындатады. Себебі, елімізде барлық туындаған даулар тек заң шеңберінде шешілуі керек. Осы орайда, Қазақстанның ресми түрде негізгі басты құқықтық актісі ретінде танылатын Конституцияға әділеттілік қағидасын енгізу өте қажет деп ойлаймын.

Бағдат АМАНДОСҰЛЫ,
заңгер, халықаралық құқық магистрі.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұжымы Мемлекет басшысының Жолдауына байланысты «Дөңгелек үстел» өткізді. Іс-шара «Жолдау – күрмеуі күрделі мәселелерді көтерген құжат. Биік деңгейде талданып, алдымызға шешім қойды» деген тақырып аясында өрбіді.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Жиынға қатысушылардың айтуларына, ЖОО студенттері мен оқытушы құрам маңызды құжатқа аса жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан Жолдаудың әр бөлімін талдап шыққан. Олар құжат бір мезеттік емес, стратегиялық маңызы бар болғандықтан жұмыла орындауға ниетті.

«Құжатты жүзеге асыратын бір-ақ қана механизм бар. Ол адамдардың ынта-жігері, қызығушылығы, адалдығы. Басқа жол жоқ. Қазір шетелдік университеттермен байланысып, Нидерланды университетінің осындағы филиалы ашылды. Шетелдік ғалымдар да келіп жатыр. Ұстаздар келіп жатыр. Демек, біз бұрынғы темір перденің ар жағында, бер жағында қалған ел емеспіз», – деді тарихшы Хангелді Әбжанов.

БІЛІМ

Оң өзгеріске бастар жол

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы нақты қадамдардың бастауы болды. Жолдаудағы жүзеге асырылатын саяси реформалар мен әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шаралардан халқымыз да, біз де үлкен үміт күтеміз.

Азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек деген Мемлекет басшысы білім сапасына қатысты бірқатар өзгерістер қолға алынатынын мәлім етті. Білімді ұлт, сапалы білім беру ұлттық жобасында жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабақтастық сақталған. Жолдауда әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қолға алу, 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасау, үш ауысымдық мектептердің санын азайту мәселелері қарастырылған. Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған әлеуметтік салалар: декреттік төлем мерзімін ұзарту, әйелдердің зейнеткерлік жасы 61 жастан болуы, Ұлттық қордағы қаржының бір бөлігін балалардың есепшотына аудару, білім алу үшін жеңілдетілген несие беру сияқты

тапсырмалар ел болашағының жарқын көрінісін көрсетті. Жаңа Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мақсаты – іріткі салатын емес, ізгілік сыйлайтын ұрпақ тәрбиелеу. Бұл – Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық құқығының сақталуын көрсетеді.

Біздер, білім саласының қызметкерлері егемен еліміз алған биіктер мен табыстар бірліктің, адал тірліктің арқасында келіп отырғанын жастардың бойына сіңіру, аға ұрпақтың қолымен жасалған құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауға үйрету – педагог парызы деп білеміз.

Сондықтан біздер, педагогтар қауымы уақыт рухын сезіндіретін Жолдауға сеніммен қарап, азаматтық қолдау танытып, біртұтас ұлтымыздың берекелі қоғамды жасауына өз үлесімізді қосамыз.

Әлия ЕЛЕМАНОВА,
М.Базарбаев атындағы
№138 гимназиясының
директоры.



ӘКІМ

ЖЕТІСУ ЖАНДАНАДЫ,

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті

**Рая
ЕСКЕНДІР**

(Басы 1-бетте)

Қала басшысы бұған дейін де Жетісу ауданы тұрғындарымен кездесіп, онда көтерілген 90-нан астам мәселенің 85%-ы шешілген еді. Дәл қазіргі уақытта аудан көлемінде су және электрмен жабдықтау, көшелерді су басу және көлік-жол инфрақұрылымы мәселелерін шешу, әлеуметтік саланы дамыту мен абаттандыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР

Әрине, қала өмірінде инженерлік желілерді жаңғырту аса өзекті екені белгілі. Сондықтан қала әкімі аудан тұрғындарының өтініштері бойынша осы жылдың тамыз айында «Жұмысшылар кентіндегі» 22 көшенің сумен жабдықтылып, ондағы көріз желілерінің «Алматы Судын» балансына өткізілгенін, әлі де 47 шақырым желінің сынақтан өткізіліп жатқанын жеткізді. Нақтырақ айтсақ, әлгі желілердің 37 шақырымы – сумен жабдықтау, 10 шақырымы – канализацияға қажетті желілер. Сәтін салса, сынақ жүргізіліп болғаннан кейін, келесі

жылдың сәуір айында оларды да пайдалануға беру көзделіп отыр.

Сонымен қатар, биылғы жылғы қазан айының соңында Қазыбаев – Рысқұлов – Тәтібеков – Райымбек көшелерінің шегіндегі сумен жабдықтау желілерін реконструкциялау және көріз желілерін салу жұмыстарын аяқтау жоспарланған. Жалпы, бұл жұмыстарды (су құбыры – 43 шақырым, канализация – 15 шақырым) 2019 жылы «Алвис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бастаған еді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар 90%-ға орындалып, 30 көшеге асфальт төселді.

Сонымен қатар, аудан көлемінде аса күрделі жұмыс қолға алынып, Палладин – Павлодар – Сельская – Боралдай көшелері мен «Кемел» ықшамауданының тұрғындарын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін осы жылдың мамыр айында 40 шақырым ескірген желілерді реконструкциялау жұмыстары басталып кетті.

Қазір осы мекенжайларда мердігер ұйымдар («АВМ Building» және «ЕС Энерджи») темірбетон тіректерді орнатып, кабель желілерін тарту жұмыстарын қызу жүргізіп жатыр. Қазірдің өзінде мұнда 600 тірек орнатылып, 10 шақырым кабель тартылды. Палладин – Павлодарская – Сельская – Боралдай көшелеріндегі жұмыстар осы жылдың соңына дейін, ал «Кемел»

ықшамауданындағы жұмыстар 2023 жылдың сәуір айында аяқталады деп жоспарланып отыр. Бұл жұмыстардан күтілетін нәтиже 4000-нан астам абонентті электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

Қазіргі таңда аудандағы жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту мақсатында ұзындығы 15,3 шақырым болатын 13 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұған себеп – қала басшысымен болған алғашқы кездесуде «Көкжиек» ықшамауданының тұрғындары кварталаралық көшелерге жөндеу жүргізу туралы өтініш білдірген еді. Өтініш дер кезінде қолдау тауып, 5,3 шақырым жолға асфальт төселді. Сондай-ақ, осы жылдың қараша айына дейін ұзындығы 11,9 шақырым болатын тағы 9 көше жөндеуден өтеді деп жоспарлануда. Әрі тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін Қазыбаев, Февральская, Ратушный, Еламан, Жарсуат, Қоянды көшелерінде 6 мекенжайға 3 шақырым жана тротуарлар салынды. Бұл да аудан тұрғындарының жайлы өмір сүруіне ықпал етері сөзсіз. Ұзақ уақыттан бері Жетісу ауданы тұрғындары үшін жауын жауса, су басып қалатын жерлердің мәселесі әлі де өзекті қалпында. Осыған орай,

қала басшысы тұрақты су басатын 56 учаскенің анықталып, олардың 8-інің Жетісу ауданында екенін жеткізді. Қала әкімшілігі осы 8 учаскенің су басу мәселесін шешу үшін төтенше жағдайлар желісі бойынша осы жылдың тамыз айында 7,2 шақырым арық салу, 2,2 шақырым коллекторларды қалпына келтіру және Есентай арнасының 2,5 шақырым бөлігіне тазарту жұмыстарын бастады. Бұл жұмыстарды жылдың соңына кейін аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ауданның өз күшімен биылғы жылдың маусым айында 27 мекенжайдағы 4,4 шақырым арық желісіне жаңғырту жұмыстары басталды. Қазірдің өзінде 3,2 шақырым арық салынды. Қалған 1,2 шақырымы осы жылғы қазан айының соңына дейін аяқталатын болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қала басшысы ауданның әлеуметтік жағдайына да кеңінен тоқталды. Оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында (1,6 мың орын) Жетісу ауданындағы мектептерге 4 қосымша құрылыс салу, сондай-ақ 2 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда №148 және №112 мектептердің аумағын 300 орынға кеңейту, сондай-ақ №101 мектепке мәжіліс залын қосып салу үшін мемлекеттік сарап-

СҰРАҚ-ЖАУАП

Ерболат Досаев Жетісу ауданындағы тұрғындармен екінші кездесуінде қалыптасқан дәстүр бойынша баяндамадан соң сұрақ-жауап сессиясын өткізді.

Алғашқы болып сұрақ қойған тұрғын апатты ағаштарды кесуді өтінді.

– Кеңсуат және Полежаев көшелерінде құрғақ бұтақтар мен апатты ағаштар өте көп. Қатты жел соқса, олар адамдардың үстіне құлауы мүмкін. Қауіп жоғары. Сондықтан әкімдік тарапынан әрекет жасап, бұл ағаштарды кесуді өтінемін, – деді ол.

– Биыл ағаштарды толықтай және санитарлық кесу жұмыстарының квотасы анықталды. Сондықтан енді сіздердің тараптарыңыздан өтінім берілсе, тиісті жұмыстар жүргізіледі. Жетісу әкімдігінде бұл жұмыстарға қаражат қарастырылған, – деп жауап берді шаһар басшысы.

Жетісу ауданының келесі тұрғыны қоғамдық көліктің ыңғайсыздығына шағымданды.

– Біздің ауданымызда қатынайтын бірден-бір автобус – №17 маршрут. Бірақ ол өте кішкентай. Соны үлкенірек қоғамдық көліктерге ауыстыруға бола ма?

– Негізгі мәселе – автобустың кішкентайлығы болса, қазан айында жаңа автобустар келінеді. Сол кезде сіздердің автобустарыңызды жаңартайық, – деді Е.Досаев.

№129 мектептің ата-аналары білім ордасындағы жөндеу жұмыстары қашан аяқталатынын білгісі келді.

– Біздің мектепте жөндеу жұмыстарының басталғанына біраз болды, қыркүйек келсе де, әлі аяқталған жоқ. Барлық жұмыстар қашан толық аяқталады? Сондай-ақ, жөндеу болып жатқан кезде мектептің негізгі кіреберісін жеке кәсіпкер алып, жауып тастаған. Ата-аналар бұған өте наразы, – деді тұрғын.

Айтылған сұраққа Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева жауап берді.

– Мен кеше ғана осы мектепте болдым. Дүйсенбі күні асхана оқушылар үшін қолданысқа беріледі. Ал барлық жөндеу жұмыстары қыркүйек айының соңына дейін аяқталады. Енді мектептің негізгі кіреберісіне келсек, бұл жер жөндеу кезінде уақытша жабылған. Оқу жылының басталуымен барлық қоршаулар алынып, жол ашылды, – деді Л.Жылқыбаева.

Келесі тұрғындардың бірі «Нұртау темір» зауыты жұмысын қашан тоқтататынын сұрады.

– Біздегі негізгі мәселе – «Нұртау темір» цемент зауыты. Аудан тұрғындары 9 жыл бойы бұл мекемемен күресіп, ақыры нәтижеге жеттік. Аталған кәсіпорыннан барлық рұқсат құжаттары кері қайтарылып алынды. Біз сотта 6 рет жеңгенімізге қарамастан, зауыт белсенді жұмысын жалғастыруда. Енді атқарушы орган ретінде әкімдік қашан қимылдайды? – деді Жетісу ауданының белсендісі.

Қала басшысы әкімдіктің заңды тұрғыда Жоғарғы Сот шешіміне дейін нақты іс-әрекет жасай алмайтынын айтты.

– Соттың соңғы шешімі 1 қыркүйекте шығарылды, енді компания кассациялық шағым беруде. Заң бойынша олардың Жоғарғы Сотқа жүгінуге құқығы бар. Жоғарғы Сот шешімінен кейін ғана біз атқарушы орган ретінде жұмыс істей аламыз. Ал барлық басқа мәселелерді, мен уәде еткендей, біз бақылауда ұстаймыз. Қолданыстағы заңнама бізге түпкілікті сот шешімі қабылданғанға дейін ештеңе істеуге мүмкіндік бермейді. Экологиялық заңнамада өзгерістер қатаң болған кезде, біз мұндай мекемелерді бірден тоқтата аламыз. Сонымен қатар, «Нұртау» иелерімен қосымша келіссөздер жүргізіп жатырмыз, бірақ өкінішке қарай, олармен шешімге келеміз деп айта алмаймын. Әзірге, біз сізбен бірге Жоғарғы Сотта күресеміз, – деді қала әкімі.

Сұрақ қойған тағы бір ата-ана мүгедек балалар үшін бассейндердің неге қолжетімсіз екенін сұрады.

– Жетісу ауданының тұрғынымын. Мүгедектер үшін тегін бассейн неге қолжетімсіз? Бізде бассейндер бар, бірақ балаларымызды қабылдамайды. Төле би мен Розыбакиев көшелерінің қиылысында үлкен бассейн бар. Ол жер бізді бір рет қабылдады, содан кейін белгісіз себептерге байланысты кіргізбей қойды, – деді ата-ана.

– «Құлагерде» бассейн бар, онда ерекше жағдайды қажет ететін балаларға уақыт бөлу туралы тапсырма беремін. Балаларға уақыт бөлініп, арнайы жаттықтырушылар жалданады, – деп нақтылады Ерболат Асқарбекұлы.

Жетісу ауданының келесі тұрғыны апатты үйлердің мәселесін шешуді өтінді.

– Грибоедов көшесіндегі апаттық үйде тұрамыз. 10 жыл болды осылай тұрғанымызға, қайда баратынымызды білмейміз. Биыл үйіміз құлайтын түрі бар, – деді тұрғын.

– Жетісу ауданында апаттық 4 үй бар. Грибоедов, Сүйінбай, Скрябин көшесіндегі – жалпы 48 пәтер. Биылға енді қаражат жоқ. Басқа ауданға көшуге өзіңіз, көршілеріңіз дайын болса, сіздерге көмектесейік. Бірақ жаңа пәтерлерге көшіруге мүмкіндік жоқ.



ЖАҒДАЙ ЖАҚСАРАДЫ

тама қорытындысы алынды. Биылғы қыркүйек айының соңына дейін №103 мектепке 200 орынды қосымша құрылыс салу үшін тағы бір сараптама алынатын болады. Жалпы, ауданда 2023 жылдың I тоқсанында осы 4 нысан бойынша құрылысты бастау жоспарланып отыр.

Биылғы қыркүйек айының соңына дейін №129 мектепке жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу толық аяқталады. Сонымен қатар, №80 мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын бастап, оны келесі оқу жылына дейін аяқтау көзделіп отыр.

Жетісу ауданындағы мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын азайту үшін осы жылдың шілде айында «Айнабұлақ-4» ықшамауданында 160 орынды балабақшаның құрылысы басталды. Құрылысты келесі жылдың маусым айында аяқтау жоспарланып отыр.

Ратушний – Қазыбаев – Серіков – Рысқұлов көшелерінің шегінде тұратын тұрғындар үшін биылғы жылдың маусым айында жекеменшікте болған екі қабатты әкімшілік ғимарат сатып алынды. Қазіргі уақытта күрделі жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Жобалау осы жылдың желтоқсан айында аяқталады. Құрылыс 2023 жылдың I тоқсанында басталады.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және оның жақын жерден көрсетілуін қамтамасыз ету үшін Жетісу ауданында 3 денсаулық сақтау объектісі бойынша жұмыс жүргізілуде. Биылғы тамыз айынан бастап, Омаров көшесінде 200, Нүсіпбеков көшесінде 300 тұрғынға арналған емханалар үшін 2021 жылы сатып алынған 2 ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық құжаттама-

ны әзірлеу басталды. Әзірлеу жұмыстарын осы жылдың соңына дейін аяқтап, құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2023 жылы бастау жоспарланған.

Осы жылдың соңына дейін «Кемел» ықшамауданында 200 тұрғынға арналған отбасылық-дәрігерлік амбулатория салынып бітеді. Сондай-ақ, «Кемел», «Айнабұлақ» және «Құлагер» ықшамаудандарында 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Енді аз күнде, ағымдағы жылдың қазан айында тегін үйірмелер мен секцияларға балаларды қабылдау басталады. Бұл кешендерге күн сайын 700-ге жуық бала бара алады.

597 БЕЙНЕКАМЕРА ОРНАТЫЛАДЫ

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап аудан көлемінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және аудан аумағын кеңінен қамту үшін 597 бейнебақылау камерасын орнату басталады. Негізгі бөлігі білім беру объектілерінің жанына, парктер мен скверлердің аумағына, аулалар мен жол қиылыстарына орнатылады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша осы жылдың басынан бері 8 жоба іске асырылып, 3 аула алаңына, 2 скверге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, «Құлагер» ықшамауданындағы Арбатты балалар ойын кешендерімен толтыру жұмыстары аяқталды. Бұған қоса, тағы да 2 жаңа жаяу жүргіншілер аймағы құрылды.

Шаһар басшысы қазан айының соңына дейін тағы 13 жоба аяқталатынына тоқталды. Ұзындығы шамамен 1 шақырым болатын 2 жаңа жағалау, «Құлагер» ықшамауданында ұзындығы 40 м және

биіктігі 4 м болатын барлық маусымға жарамды сырғанақ, «Жұмысшылар кентінде» жаңа демалыс аймағы салынады. 9 аула жөнделіп, жаңа балалар алаңдары орнатылады. Сонымен қатар, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары шеңберінде осы жылдың қараша айында жалпы ұзындығы 1,6 шақырым болатын тағы 2 жағалау пайда болады.

Қала әкімінің 26 мамырда Жетісу ауданы тұрғындарымен болған кездесуінде «Айнабұлақ-1», «Айнабұлақ-3» ықшамаудандарындағы 2 сквер мен «Құлагер» ықшамауданындағы паркті жөндеу туралы мәселе көтерілген болатын. Тұрғындар мұндағы жарық пен суару жүйесінің жоқтығына шағымданды. Бүгінгі таңда «Айнабұлақ-1», «Айнабұлақ-3» ықшамаудандарындағы скверлердегі ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталып қалды. «Гүлдер» паркінде әлі де жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Қазір «Құлагер» ықшамауданындағы скверде суару жүйесі мен сыртқы жарық желілерін реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр. Жөндеу жұмыстарын қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Аудан тұрғындарын елең еткізген жағымды жаңалық – биылғы қараша айының соңына дейін ауданда жасөспірімдер мен жастарға арналған 2 жаңа «Жастар саябағы» ашылады. Олардың бірі – Рысқұлов даңғылындағы көпірдің астында, яғни Сүйінбай даңғылының бұрышында, екіншісі «Айнабұлақ-1» ықшамауданындағы сайда орналасқан. Сонымен қатар, осы жылдың қараша айында «Көкжиек», «Айнабұлақ» ықшамауданындағы Жұмабаев көшесінің бойында ұзындығы 1300 метрлік 2 жаяу жүргіншілер аймағының құрылысы аяқталады.

Жақында «Кемел» ықшамауданындағы саябақ аумағын абаттандыру жұмыстары басталды. Жоспарға сай 10 гектар аумақ абаттандырылады. Жөндеу жұмыстары 2023 жылдың II тоқсанына аяқталады деп күтілуде.

Қала басшысы Жетісу ауданының әрбір микроучаскесін абаттандырып, жақын жерде серуендеу және көше спортымен айналысу үшін қоғамдық орындар салынатынын, іргелі өнеркәсіп ошақтары шоғырланған Жетісу ауданын әлі де өркеніетке сай етіп абаттандыратынын айтып, аудандық әкімшілік жұмысына алғысын білдірді.



Заң бойынша апаттық үйден көшіргенде, тек жалғыз берілетін үйге көшіре алады. Қазір бұл сұрақтың жолын тауып, қарастырып жатырмыз. Қазанның соңына дейін жаңа механизм әзірлеп көреміз, – деді шаһар басшысы.

«Көкжиек» шағынауданының тұрғыны №123 автобустың жүру жиілігін көбейтуді ұсынды.

– №123 автобус «Айнабұлақта» жүретін негізгі қоғамдық көлік. Бірақ ол кемі 20 минут, не одан көп уақыт аралығымен жүреді. Балаларымыз қыста 40–50 минут автобус күтіп тұрып қалады. Ал үйірмелердің барлығы «Айнабұлақта» орналасқан. Автобус қатынауындағы осы уақыт аралығын қалай қысқартуға болады? – деді «Көкжиек» шағынауданының тұрғыны.

– Автобустар арасындағы қатынау уақытының мұндай ашық болуы – автобустар санының аз екеніне байланысты. №123 маршрутта жеке тасымалдаушы. Біз олармен жұмыс шарттарын өзгертеміз. Олар көлік санын көбейту үшін бюджеттен субсидия алады. Алдағы уақытта уақыт интервалдары бойынша талап қоямыз. №123 маршрут мәселесін шешу үшін Алматы қалалық Мобильділік басқармасына тапсырма беремін. Біздегі негізгі мәселе – бұрын 21 жеке тасымалдаушы компаниямен ешқандай міндеттемелерсіз шарттарға қол қойылған. Бұл жағдайды қалай да өзгерту үшін мен қалалық мәслихатқа ұсыныс жасаймын, – деді қала басшысы.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Р.С. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Жетісу ауданының тұрғындарымен екінші кездесуі 2,5 сағатқа созылды. Барлығы 180-нен астам тұрғын қатысып, 100-ге жуық сұраққа жауап берді. Тұрғындар тарапынан қойылған барлық жеке және аудан көлеміндегі сұрақтарға, оның ішінде: жол жөндеу, мектеп пен балабақшадағы орын тапшылығы, су және кәріз құбырларын жүргізу сынды барлық сұрақ-өтініштердің нақты шешімдері айтылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсан сайын 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесуден болады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



3,2 ШАҚЫРЫМ
арық жүйесі жаңартылды.



4 МЕКТЕПТЕ
жөндеу және қосымша ғимарат қосу жұмыстары жүргізіледі.



597
бейнебақылау камерасы орнатылады.



«Халықтың бюджетке қатысуы»
бағдарламасы:
8 жоба жасалды. Тағы
13 ЖОБА
қазан айында аяқталады.



«Кемел» ықшамауданында
200
орынды отбасылық-дәрігерлік
амбулатория
қолданысқа беріледі.



ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ

«ЖЕТЕЛЕП ЖЫРЫМ – ЖАН СЫРЫМ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі әдебиеттанушы-ғалым, публицист, көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өтеген Оралбайұлының жетпіс жылдығына орай Құттықтау хат жолдады.



Алматыда өткен «Өтеген Оралбайұлының шығармашылығы және бүгінгі қазақ поэзиясы» тақырыбындағы «Дөңгелек үстелде» Президент құттықтауын ҚазҰУ басқармашысы – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Хайдар Тасыбеков оқып берді. Сондай-ақ, мерейтой иесіне осы жоғары оқу орнының ректоры Жансейіт Түймебаев та өзінің құрмет лебізін жолдады.

Өтеген Оралбайұлы білім ордасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдесұлы мазмұнды баяндама жасап, мерейтой иесінің шығармашылық жолына тоқталды.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, жазушы Мереке Құлқенов қаламгер қауымының атынан арнайы құттықтап, Өтеген Оралбайұлының қазақ әдебиетінің дамуына сіңірген еңбегін ерекше атап өтті.

Зиол-Ғабден Кабиұлы Бисенғали, Дандай Ысқақ, Тұрсынбек Баймолдаев сынды әдебиетші ғалымдар сөз сөйлеп, мерейтой иесінің тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы ғылыми еңбектеріне талдау жасады. Факультеттер декандары Баян Жолдасбекова, Нұржан Қуантай, Досбол Байқонақов-

тар ұжым атынан ізгі тілектерін білдірді. Филология факультетінің студенттері акын Өтеген Оралбайұлының өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқыды.

Өтеген Оралбайұлы баспасөз, телевизия саласында да қызмет атқарып, қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңба қалыптастырған тұлға. Ақынның шығармашылық жолы Тәуелсіз елдің шежіресімен қатар өріліп, біте қайнасканы анық. Ұзақ жылдар Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқара жүріп, шығармашылықтан қол үзген жоқ. Ақынның қаламынан туған «Мәңгілік қозғалыс», «Шуақты шақ», «Жолдар мен жылдар», «Қағбаның қарлығаштары» жинақтары оқырман жүрегіне жетіп, жоғары бағасын алды. Қарымды қаламгер, айбоз ақын:

«Жетпіске келдім. Жетелеп
жырым – жан сырым,
Аққағаз қуып, алақтап шапқан
аңшымын.
Табанға басып тағдырдың
мынау таң шығын,
Құм қауып жатқан қомағай
ойды аришым,
Алаштың бұлтын жамылып
көшкен желменен,
Мөлдiреп тұнып, мөлтедеп
түскен тамшымын», –

деп «Жетпіспен жүздесуінде» өзі жырлағандай, оқырман санасын оятар ойлы тұжырымдарын өзінің поэзия әлеміне арқау етті, өткір де өршіл мақалалар жазып, көрерменін баураған бағдарламалар жасауға атсалысты.

Өтеген Оралбайұлы бұқаралық ақпарат құралдарындағы ерен еңбегімен Қазақстан Журналистика академиясының академигі атанды.

Кездесу соңында қонақтар, оқытушы-ғалымдар мен студенттер мерейтой иесінен қолтаңба алып, естелік суретке түсті.

Алмасбек МӘУЛЕНОВ,
Жамбыл атындағы «Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу» орталығының жетекшісі.

КӨРМЕ

«МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨНЕРДІ БІРІКТІРЕДІ»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде Отбасы күніне арналған «Мәдени құндылықтар өнерді біріктіреді» атты көркем шығармалар, бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларының көрмесі ашылды.

Мәдени өмірде ұлттық дәстүрлі өнерді дәріптеу және заманауи суретші – кескіндемешілер, графиктер, мүсіншілер, сәндік-қолданбалы өнер шеберлері пайдаланатын инновациялық шығармашылық практикаларды дамыту маңызды орын алады.

Көрменің мақсаты – музейге келушілерді қазіргі заманғы суретші-педагогтер пайдаланатын стильдер мен жанрлардың алуан түрлілігімен, қазіргі заманғы бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүрлі және инновациялық тәсілдермен таныстыру.

Суретшілер шығармашылығындағы бейнелер ұлттық сәйкестіліктің нышанына айналады – шабандоз, аңшы, тарихи дәуірдегі батыр бейнесі. Авторлардың көпшілігі Қазақстанның табиғи жерлерінің сұлулығын бейнелесе, ал кейбірі сюжеттерде әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерді бейнелей отырып, қазіргі қоғам өмірін жеткізеді. Суретшілер шығармашылығында біздің мұрамызды құрайтын мәдени құндылық-



тар, тарихи, көркемдік, ғылыми, этнографиялық құндылығы бар сюжеттер мен бейнелер ерекше орын алады. Отбасы және отбасылық құндылықтар – бұл кез келген адамның өмірі негізделетін ең маңызды іргетас. Осыған байланысты өз шығармаларында ұлттық, тарихи, мәдени және отбасылық құндылықтарды бейнелейтін қазіргі заманғы суретшілердің тәжірибесі мен дүниетанымын беру өзекті.

Көрмеге Алматы қаласы мен Алматы облысының жоғары оқу орындары мен колледждерінің Көркем еңбек педагогтері қатысты.

Еске салайық, көрме 14 қыркүйекке дейін жалғасады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ШУАҚ

ШАТТЫҒЫ ШАЛҚЫҒАН
ШАҢЫРАҚ

Алматыда көпбалалы отбасылар байқауы өтті



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

(Басы 1-бетте)

Әлем жұртшылығына «темір ханым» атанып кеткен әйгілі әйел, 1979–1990 жылдары Ұлыбританияның премьер-министрі болып, үнемі ат үстінде жүрген Маргарет Тэтчерден бір әріптесіміз «Өмірдегі ең үлкен жетістігіңіз не?» деп сұрағанда, ол еш ойланбастан «Отбасын құрып, ана болғаным» деген екен. Демек, дүркіреген қызметте, жер-жаһанға жайылған атақ-даңқ та отбасының жанында ештеңе емес.

Отбасы – махаббат пен мейірімнің, қуаныш пен мерекенің ұясы. Оны шуаққа бөлейтін, әрине, балалардың ушуы, риясыз күлкісі. Сол балалар жылы ұясынан қанатын қатайтады, буынын бекітеді. Ата-анасының көрсетіп берген жолымен үлкен өмірге сапар шегеді. Жақсы бала сол жақсылықты кейін еселеп қайтарады, алған ұлағатын ата-анасына, бауырларына, ағайын-туысына, қала берді еліне көрсетеді. Отбасы – мемлекеттің уығы.

Кеше Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен Алматы қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің қолдауымен «Дағдарыс орталықтарының одағы» ЗТБ, көпбалалы «Бақытты отбасы» орталықтары және «Жан-сая» дағдарыс орталығы «Отбасы – бақыт мекені» атты отбасылық байқау өткізді. Оған Алматы қаласының аудандарынан көпбалалы отбасылар қатысты. Берекелі де мерекелі шаңырақтарға Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлкебайұлы ізгі лебізін арнап, сәттілік тіледі.

МЕДЕУ АУДАНЫНАН «Арман» деген атпен қатысқан 4 балалы отбасының отағасысы Нұржан Арман – еңбекқор жан. Спортты серік етеді. Отанасы – Майгүл қолынан түрлі іс келетін өнерлі әйел, яғни программист, массажист, шаштараз. Ал балалары – күрес, тау шаңғысы, шахмат және гимнастикаға қатысады. Би билеп, сурет салып, ән де айтады. Сахнаға 4 бала да түрлі медальдарын тағып шыққанда, көзіміз сүйсінді.

ЖЕТІСУ АУДАНЫНАН келген «Асановтар отбасы» да 4 бала тәрбиелеп отыр. Отағасы Серғали Қалибаев – қолы шебер құрылысшы, отанасы Меруерт – ұлағатты ұстаз. Балалары білім жағынан да, өнер жағынан да мектебінің мақтанышы.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫНЫҢ атынан қатысқан «Абдрахмановтар отбасы» 5 бала тәрбиелеп отыр. Үй иесі Ашир Абдрахманов – әскери қызметкер. Қызметіне сай қатал тәртіптің адамы болса да, жүрегі нәзік, ән салатын өнері бар. Ал отанасы Қаршыға заманауи массаж түрлерін жасайды. Балалары да ата-анасына ұқсаған өнерлі. Ұлдары дзюдо, футбол, бокспен айналысып, қыздары ән салып, би билейді.

АЛМАЛЫ АУДАНЫНАН «Теміржандар әулеті» келді. Отағасы – Теміржан Ахметов Ауған соғысының ардагері болған. Өте ынтымақты отбасы. Отанасы – Қалжан Жұмабайқызы ұлағатты ұстаз, қазіргі таңда теміржол саласының қызметкері. Ән салады. 4 баласының өте мейірімді болып өсіп келе жатқанына сенімді.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНАН қатысқан 4 балалы «Алтаевтар отбасы» да салауатты өмір салтын ұстанады. Отағасы – Олжас Іңкәрбеков инженер-құрылысшы, отанасы Алтынхан – ақ халатты абзал жан. Бұл отбасының балалары да өнерден құралақан емес.

ТҮРКІСТАН АУДАНЫНЫҢ атынан шыққан 6 балалы «Мусабаеттар әулеті» – көлөнерді отбасылық бизнеске айналдырып, ұлттық нақышты балаларына да үлгі етіп отырған еңбекқор отбасы. Отағасы пойыз машинисі болып еңбек етеді. Ал отанасы – Күлсара балабақша меңгерушісі. Балалары домбыраны, спортты, өнерді сүйеді.

АЛАТАУ АУДАНЫНАН келген «Өмірбектің отбасында» сүп-сүйкімді 5 бала өсіп келеді. Олар да бір-біріне бауырмал. Ән салады, спорт үйірмелеріне қатысады. Отағасы – Ерік салмақты, сабырлы. Ал келіншегі Жанаргүлдің жаны жайсаң жайдарлы жан.

Әр ауданнан суырылып шыққан отбасылар «Отбасы ұстанымы», «Салт-дәстүр сабақтастығы» және «Өнерліге нұр жауар» атты бөлімдер бойынша сынға түсіп, бір-бірінен кем түскен жоқ. Алдымен барлық отбасы бір-бірілеп ортаға шығып, «Отбасы ұстанымы» қандай екенін айтып өтті. Мә-

селен, Алмалы ауданының тұрғыны, Теміржандар әулетінің отанасы Қалжан Жолмағамбетова балаларына ұлттық құндылықтарымызды үнемі айтып отырудан жалықпайтынын жеткізді. Дастархан басына отырғанда, тамақты алдымен үйдегі үлкен кісі бастамай, басқалар қол салмайтынын, тамақтан соң үлкендердің рұқсатынсыз ешкім өз бетінше тұрып жүре бермейтінін де атап өтті.

Алатау ауданында тұратын Өмірбектің отбасы ортаға «Баспалдаққа» бекітілген суреттер алып шықты. Онда ерлі-зайыптының және балаларының әр кезеңдегі фотолары желімделген. Идеясы – шағын отбасынан бүгінгідей биікке жеткенін көрсету. Балаларына «ойнап жүріп үйдегі баспалдақтан сүрініп кетсеңдер де, өмірде сүрінбесдер» деген тілек арнады ата-анасы.

Байқауға Медеу ауданынан қатысқан отағасы Арман Нұржан кішкентай ұлына өз қолдарымен қағаздан жасаған аппақ шаңырақты «балам, осы шаңырақтың ертеңгі иесі – өзіңсің» деп ұстатқаны, сол шаңыраққа 3 қызының уық болып шаншылғаны, сосын ерлі-зайыптының керегесін бекіткені әсерлі шықты. Көрермендер осы сәтте ду қол соқты.

Ал өздерін «әке – күн, ана – ай, ал балаларымыз жарқыраған жұлдыздар» деп таныстырған «Асановтар отбасы» (Жетісу ауданы) «арқан тарту» өнерін көрсетіп, көшеметке бөленді. Көптің алдына ата-анасымен шығып өнер көрсеткен ұл-қыздары да ерекше мәз.

Байқауға қатысқан шаңырақтар «Өнерлі отбасы» (Асановтар), «Шебер отбасы» (Мусабаеттар), «Салауатты отбасы» («Арман»), «Дәстүрге берік отбасы» (Өмірбек әулеті), «Музыкалық отбасы» (Теміржандар), «Заманауи отбасы» мен «Мейірімді отбасы» (Алтаевтар), «Ынтымақты отбасы» (Абдрахмановтар) номинацияларын жеңіп алып, бағалы сыйлықтар иеленді.

Байқаудан тыс келген өнерлі балалар да ән салды, дөңгелене би билейді. Кішкентай бүлдіршіндер өзінің балғын қиялындағы ойларын түрлі-түсті борлармен асфальтқа бедерледі. Тәтті сусындар ішіп, кәмпитке тойды. Асыр салып ойнады, шаттанды. Міне, отбасы сәні – осы балдырғандар ертең Әділетті Қазақстанды жасайды!



МЕРЕЙ

ЫНТЫМАҚ ОРДАСЫ

Халқымыз қашанда шаңырақтың беріктігі мен қазақы тәрбиеге ерекше мән беретін болғасын бұл мерекенің маңызы зор. Отбасы күні қарсаңында бірнеше іс-шара өтті. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде өткен «Отбасымның құндылықтары» атты мәдени-білім беру қайырымдылық іс-шарасы.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Отбасы күні елдегі мереке-лердің тізіміне Президент Жарлығымен 2013 жылы енген еді. «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер» туралы Жарлыққа өзгеріс енгізіп, қыркүйектің екінші жексенбісін Отбасы күні деп белгілеген болатын.

Өнегелі отбасы – қоғамның айнасы. Осы ретте елімізде 2014 жылдан бері аталмыш мерекеге орай «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы тұрақты өткізіліп келеді. Биыл да ұйымдастырылды. Ұлттық жоба басталғалы бері 20 мыңға жуық отбасы қатысқан. Ал биыл Қазақстанның үздік отбасы атағына үміткерлікке 2,5 мыңнан астам

отбасы өтінім берген. Өтінімдер тек отбасылардың өздерінен ғана емес, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдары, еңбек ұжымдары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, басқа да заңды тұлғалар тарапынан ұсынылған.

Жалпы, «Мерейлі отбасы–2022» ұлттық байқауының өңірлік кезеңінде 2542, оның ішінде отбасылардан – 1407, заңды тұлғалардан – 1135 өтінім тіркелген. Қала бойынша байқауға қатысуға өтінім бергендердің ең көп саны – Алматы қаласында (193 отбасы) тіркелген.

15–29 маусым аралығында аудандық комиссиялар өтінімдерді қарап, үздік шыққан 2 отбасыны қалалық комиссияның қарауына жіберді. Ал 12 шілдеде аудандық деңгейдегі конкурста үздік деп танылған 16 отбасының (әр аудан-

нан екеуден) құжаттары қалалық комиссия отырысында қаралды. Ұлттық байқаудың Алматы қаласы аудандары бойынша жеңімпаздары анықталып, ақшалай сертификаттар берілді. 8 аудан бойынша отбасылардың ішінен Алматының «Мерейлі отбасы» Кішкенебаевтар отбасы атанды.

Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасылық жобаға қатыспай-ақ, жан-ұя мерейін асырып отырған қаншама отбасы бар.

Бұл күн ең алдымен неке және отбасы институтын нығайтуға, тәрбиелеуге, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған. Отбасы – еліміздің табысты болашағының кепілі.

Іс-шараның мақсаты – жас отбасылар арасында отбасылық және тарихи құндылықтарды насихаттау, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету. Оған көпбалалы отбасылар, Медеу ауданының «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының тәрбиеленушілері, №169 мектеп-лицейі мен «SMART» балалар білім беру орталығының балалары мен ата-аналары қатысты.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

Көбінесе мәдениеті төмен жұрт ақкөңіл, анайы келеді. Сондықтан да мәдениеті жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. ...Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

ТҰЛҒАТАНУ

«ҰЛТТЫҚ ҚАНАУ ҰЛТШЫЛДЫҚ СЕЗІМ ТУДЫРМАЙ ҚОЙМАЙДЫ»

1920 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ әскери революциялық комитеті төрағасының орынбасары ретінде В.И.Ленинге хат жолдаған. Кеңес үкіметінің ұлт мәселесінде бағдарламалық ұстанымының жоқ екенін сырттай емес, Қазақ революциялық комитетінің қызметіне тікелей араласа жүріп байқаған А.Байтұрсынұлы: «...Ұлттық қанау мен кемсіту көрген қазақтардан асқан бұратана халық болмаған шығар. Ұлттық қанау ұлтшылдық сезім тудырмай қоймайды», – деп кеңес өкіметінің қазақ қоғамына қатысты жіберіп отырған принциптік кемшіліктеріне тоқталды. Орталық билікке оның қазақ саясатына байланысты кемшілігін көрсетіп, сынаумен шектелмей, бұл күрделі жағдайдан шығуға мүмкіндік беретін өзінің ұсынысын да білдірген.

М.КӨЙГЕЛДИЕВ,
тарих ғылымының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі, алаштанушы.

ТАРИХТАН ТӘБӘРІК

ҰЛТ ҰСТАЗЫНА БӨКЕЙЛІКТЕР ҚҰРМЕТІ

Батыс Қазақстан облыстық архивінде 1920 жылы Бөкей Ордадан Мәскеуде жүрген Ахмет Байтұрсынұлына жөнелтілген шешім мен жеделхат сақталған. Сол жылы 17 мамыр күні басталып, 10 күнге созылған Бөкей облыстық Кеңесі 4-сөзіннің хаттамасы бойынша жиынның күн тәртібіне халық ағарту, ұлт мәселесі, денсаулық сақтау, қаржы, азық-түлік, ел ішіндегі жұқпалы ауруларға қарсы күрес, сөздің құрметті төралқасын сайлау, т.б. маңызды мәселелер енгізілген.

Алғашқы мәжіліс жұмысын ашқан сөзді төрағасы С.Мендешевтен кейін сөз алған Бөкей облыстық атқару комитетінің төрағасы С.Миллютин сөздің құрметті төралқасына революционер тұлғалар В.И.Ленин, Г.Е.Зиновьев, Л.Д.Троцкий, Н.Наримановты қаласа, делегат Жұмағалиев құрметті төралқаға Ахмет Байтұрсынұлын ұсынған.

Аталған адамдардың ішінде А.Байтұрсынұлын ұсыну жөнінде делегаттар арасында дау болады. Делегат Жұмағалиевтің: «А.Байтұрсынов коммунист болмаса да, қырғыз халқы үшін көп еңбек сіңірген, көп зардап шеккен карт революционер», – деген ұсынысын делегат А.Азербайев қолдады. Ал Атаянц пен Томосов: «Зардап шеккен революционерлер көп, бірақ Ленин, Троцкий, т.б. сияқты бізді Қазан төңкерісіне жеткізгендер аз», – деп қарсы шықты. Олардың бұл пікіріне Азербайев: «А.Байтұрсынов қырғыз халқынан шыққан жалғыз революционер», – деп жауап берген. Қайтадан сөз алған Атаянц: «А.Байтұрсыновты жақсы білемін, ол бізді бүгінгі жетістікке жеткізгендер қатарынан емес», – деген ойын айтады.

Осы тұста сөзді төрағасы С.Мендешев делегаттардың екіжақты айтысын тоқтатып, Ахмет Байтұрсынұлын дауысқа салуды ұсынады. Төрағаның бұл ұсынысын қолдап, дауысқа салған кезде делегаттардың 89-ы Аханды қолдайды, 37-сі қарсы, 2-еуі қалыс қалады. Сөйтіп, көпшілік дауыспен Алаш ардақтысы Бөкей даласында өткен сөздің құрметті төралқасына сайланады.

БҰЛ ЖЕДЕЛХАТТА БІР СЫР БАР

Сөздің 21 мамыр күні кешкі сағат 18.00-де басталған мәжілісінде сөздің құрметті төралқаларына жіберілетін жеделхатқа байланысты тағы да дау шығады. Мәжіліс төрағасы С.Мендешев құрметті төралқаға сайланған адамдарға 4-сөздің атынан жіберілетін жеделхаттың мазмұнымен таныстырған кезде, оншыл делегат А.Азербайев: «Қырғыз халқына Н.Наримановтың есімі тұяғал емес, ол қырғыздар үшін еңбек сіңірген жоқ, сондықтан сөздің атынан Наримановқа жіберілетін жеделхат қырғыздарға аты әйгілі А.Байтұрсыновқа да жіберілсін», – деді. Ал делегат Мұстафа Көкебаев: «А.Байтұрсыновтың ақ гвардияшылар жағында болғаны да шындық. Бірақ ол қырғыз халқының бірден-бір көрнекті көсемі. Қырғыз өлкесінің Қазақ Әскери Революциялық Комитетінің мүшесі. Сондықтан сөздің барлық делегаттарының атынан А.Байтұрсыновқа жеделхат жолдансын» деп нақты айтқан пікірін делегат Иванов та қолдады. Осылайша жақтап сөйлеушілердің пікірлерінен соң сөздің өзге құрметті төралқалары В.И.Ленин, Г.Е.Зиновьев, Л.Д.Троцкий, Н.Нариманов, сондай-ақ А.Байтұрсынұлының атына төмендегідей мазмұнда жеделхат жіберілген:

«Адрес: Москва.
ул. Трубниковская, 10.
Кирпредставительство.
Кирревком Байтурсинову.

Кеңес өкіметі тұсындағы қырғыз халқы үшін сіңірген еңбегіңізді бағалап, Бөкей облыстық кеңестерінің 4-сөзі Сізді көпшілік дауыспен сөздің құрметті төралқасына сайлады. Езілуші қырғыз халқының жарқын келешегі үшін Сіздің қуи-қуатыңызды жұмсап қызмет ететіндігіңізге сөзді сенім білдіреді. Сөзді Президентіңіз.

(Дереккөз: тарихшы-ғалым Б. Боранбаеваның мақаласынан, Egemen Qazaqstan).



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зухра БАЯНОВА,
ҚР Мемлекеттік Орталық музейі мәдени-білім беру бөлімінің әдіскері:

– Балалар ата-аналарымен келіп, бірге шығармашылықпен айналысты. Көрме тамашалады, сурет салды, отбасы туралы әртүрлі ақпараттар алып, 4 шеберлік сабаққа қатысты. «Ұлы даланың қызғалдақтары», «Қазақтың киіз үйі» сынды тақырыпта суреттер салып үйренді. Музейде балалар демалады, жаңа нәрсе үйренеді.

Медеу ауданының «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының тәрбиеленушілері, №169 мектеп-лицейі мен «SMART» балалар білім беру орталығының балалары «Менің отбасым – менің үйім» көрмесіне жалты 18 сурет жіберді. Балалар туындыларында өз әлемін, өз отбасын шебер суреттеген. Әр суретке қарап қандай отбасы екенін ұғасың. Бірі суретке әкесінің анасына гүл беріп тұрғанын, бірі бауырларын, үйдегі ауласын, арманын салған. Суреттердің бәрінде ашық түстерді көбірек қолданған. Осыған қарап балалар үшін отбасының орны ерекше екенін түсіндім. Көрме келесі аптаға дейін жалғасады.

БАҚЫТГҰЛ,
Наурызбай ауданының тұрғыны:

– Отбасы күнін жыл сайын ерекше атап өтуге тырысамыз. Негізі әр күн «отбасы күні» болуы керек деп санаймын. 3 балам, 2 немерем бар. Осындай қызықты көрмелерге жиі әкеліп тұрамын. Негізі балабақшаға барады. Демалыс, мереке күндері қаланың сәулетті жерлерін таныстырып, барынша көп көңіл бөлеміз. Отбасы күні жыл сайын демалыс күніне тұспа-тұс келетіні бәрімізге ыңғайлы. Балаларыммен, немерелеріммен атап өтеміз.

Қатысушылар үшін қызықты және әртүрлі бағдарлама дайындалды. «Мен өз елімнің тарихын білемін» ойын-викторинасы, «Өз отбасының гүлін жаса» зияткерлік ойыны, сондай-ақ саздан «тәрелкелер» (Айсұлу Санат – шебер, құмырашы, «Sanat Ceramics» студиясының директоры), «Су астындағы тіршілік» маринистік жанрында ермексаздан мүсін жасау (Шолпан Төреханова, №169 мектеп-лицейінің бейнелеу өнері пәні мұғалімі), «Күзгі палитра» кескіндемесі бойынша (суретші, кескіндемеші, график, портретші Лидия Дроздова), аппликацияны жасау (бейнелеу өнері пәні мұғалімі, дизайнер Ажар Ахмамбетова) бойынша түрлі шеберлік сабақтар өткізді.



● ДИАЛОГ АЛАҢЫ

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ

Алматыда «Қазіргі әлемдегі рухани және моральдық құндылықтарды нығайтудағы діннің рөлі» атты «Дөңгелек үстел» өтті

14–15 қыркүйекте елордада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне арналған іс-шаралар аясында Алматыда ұйымдастырылған бұл шараға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану орталығының ғылыми қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен теолог-ғалымдар қатарынан жетекші сарапшылар қатысты.

Спикерлер Мемлекет басшысының «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҮТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Жолдауындағы маңызды бағыт-бағдарларға тоқталып, Президент тұжырымдаған жаңа қоғам қалыптастырудың өзекті мәселелерін талқылады.

ФСДИ ақпараттық-ұйымдастыру жұмысы орталығынан хабарлағандай, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры, ҚР ҰҒА академигі С.Т.Сейдуманов құрметті қонақтарды қарсы алып, өзінің алғы сөзінде мазмұнды талқылау мен одан кейінгі іс-шаралар әлемдік діндер көшбасшыларының VII съезіне қолдау көрсету мен жүйелі дайындықтың символдық актісі болатынына сенім білдірді. Оның пікірінше, қазіргі және қарама-қайшы әлемде әрдайым жетекші діни конфессиялар болып табылатын шындықтың қайнар көзіне жүгінудің өзектілігі жалпы өркениеттік үйлесімділікті түсіну үшін жалпыадамзаттық идеялардың қажеттілігін көрсетеді.

«Дөңгелек үстел» жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану



орталығының директоры Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы модератор ретінде жалғастырды. Ол келесі спикерлерге сөз беріп, отырысты жүргізді. Тақырып бойынша философия ғылымының докторы Айнуір Құрманғалиева, Алматы қаласы Дін істері басқармасы басшысының орынбасары Ерғали Ақылбекұлы, PhD докторы Тұңғыш Әбілов, Дінтану орталығының жетекші ғылыми қызметкері Құдайберді Бағашаровтар сөз алды.

Спикерлер дәстүрлі негіздерді бекітуге және рухани әртүрліліктің маңыздылығы мен жасампаздық әлеуетін философиялық тұрғыдан түсінудің мәнін ашуға мүмкіндік беретін рухани саладағы интеграциялық үдерістердің перспективаларына қатысты өздерінің сараптамалық ұсынымдарын негіздей оты-

рып, қазіргі әлемдегі рухани және моральдық құндылықтарды нығайтудағы діннің рөліне баға берді.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылардың топтастырылған пікіріне сәйкес, кез келген қоғамның қарышты дамуы көбінесе дәстүрлер мен инновациялардың, бұрынғы және жаңа құндылықтардың, жүйелердің, білім мен дүниетанымның дұрыс арақатынасы мен үйлесімді өзара іс-қимылына байланысты, онда рухани ұдайы өндірістің үздіксіздігі, сабақтастығы мен тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

Сарапшылар дінге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық өкілдері мен дінбасылардың өздері адамзаттың өркениеттік

дамуының күрделі кезеңін сын-қатерлерге жауап іздеудің табиғи процестері ретінде қабылдайтынын және қолдайтынын атап өтті. Климаттың өзгеруі, вирустың жаппай таралуының апатты салдары және халықаралық шиеленістің күшеюі жағдайында геосаяси қауіпсіздіктің кепілдігі сияқты көптеген өзекті жаһандық проблемалар күн тәртібіне әлемдік діндер көшбасшыларының белсенді әлеуметтік қызметі мен жауапкершілігі тақырыбын қойды.

Өткізілген ғылыми-талдамалық пікірсаяйыс соңында шараға қатысушылардың дінтанушылардың жалпы форумын өткізу қажеттілігі туралы ортақ пікірі әзірленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ТҮРҒЫН ҮЙ

Алматыда биыл әкімдік 2600-ден астам азаматты баспанамен қамтамасыз етті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев мәлімдеді.

Биыл 2600-ден астам азамат баспаналы болды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Спикер биыл Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы болып өзгертілгенін де атап өтті.

Данияр Қырықбаевтың хабарлауынша, бүгінде Алматы қаласында коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебінде 37 236 азамат тұр, оның ішінде: көпбалалы отбасы – 4905, жетім балалар – 2210, халықтың әлеуметтік осал топтары – 16 999, бюджет қызметкерлері – 13 122.

«Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша 2623 азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Осы жылдың соңына дейін 5532 пәтер беру жоспарланып отыр, оның ішінде 1451-і – сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй және 4081-і – несиелік тұрғын үй. Атап өтсем, жыл басынан бері 325 тұрғын үй сертификаты берілді», – деді Д.Қырықбаев.

Алматыдағы сауда орындарында және СОСО-да газ баллондарын пайдалану жалғасуда. Спикердің айтуынша, ведомство тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі тұрмыстық баллондарды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады. Тексеру нәтижесінде 53-тен астам сауда және 50 сауда және ойын-сауық базары, сондай-ақ 400-ге жуық қоғамдық тамақтандыру нысанында, оның ішінде 278 нысанда газ баллондарын талаптарды бұза отырып пайдалану деректері анықталған. Аталған тұтынушылармен газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша талаптарды сақтау қажеттілігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көзделген жауапкершілікке қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Брифинг барысында спикер Алматыдағы үйлердің 73%-ы басқарудың жаңа түріне ауысқанын айтты. Бүгінде 1118 МИБ тіркеліп, 3692 ЖС іріктеуден өткен. Д.Қырықбаевтың хабарлауынша, қалада 8879-дан астам көппәтерлі тұрғын үй бар, оларға 820-ға жуық басқару органы (ПИК, ПИТК және т.б.) қызмет көрсетеді.

● МЕДЕУ АУДАНЫ

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Бұл бағдарлама аясында ауданда 19 жоба іріктелді

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Медеу ауданы әкімінің орынбасарлары Данияр Былқылов пен Айдос Нұрлыбаев жыл басынан бергі ауданда атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сондай-ақ, әкімдік өкілдері аудан тұрғындарынан түскен бірқатар сұрақтарға жауап берді.

Медеу ауданы – Алматы қаласының іскерлік, мәдени және туристік орталығы. Медеу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Былқыловтың айтуынша, мегаполистегі тауар айналымының 24,5%-ы Медеу ауданына тиесілі. «7 айдың қорытындысы бойынша бөліктеп тауар айналымының көлемі 598,06 млрд теңгені, көтерме сауда айналымының көлемі – 1955,8 млрд теңгені құрады», – деді спикер.

Қазіргі таңда Медеу ауданындағы жағалаулар мен шағынаудандар ретке келтіріліп жатыр. Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаевтың мәліметінше, өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Медеу ауданында 19 жоба іріктелді, олардың ішіндегі ең ірісі – Тіксай өзенінің жағалауын абаттандыру бойынша 3 жоба. Бұл жұмыстар әлі де жалғасуда.

Медеу ауданының құрамына жаңадан қосылған аумақтар кіргені белгілі. «Мұзтау», «Көлсай», «Сұлу-сай», «Кеңсай», «Думан» шағынаудандарында және Каменск үстіртінің тұрғын алабында сумен жабдықтау және су бұру желілерінің болмауы – аудандағы шешімін күтіп тұрған үлкен мәселе.

Айдос Нұрлыбаевтың айтуынша, 2021 жылы «Мұзтау» және «Көлсай» шағынаудандарында 32 шақырым

сумен жабдықтау және су бұру желілері салынды. Осы шағынаудандарды сумен қамтамасыз ету үшін бүгінде «Балқаш» су жинау станциясына дейін қосатын магистральдық желі жобасы әзірленуде. Келесі жылдың сәуір айында жұмысты бастау жоспарланып отыр.

Алматының басқа аудандары секілді Медеу ауданында да оқушы орындарының тапшылығы бар. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаевтың айтуынша, Медеу ауданында 30 378 оқушыны құрайтын 28 мемлекеттік және 19 жекеменшік мектеп бар, 4 мыңнан астам орын тапшылығы байқалады.

«Оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін жобалық қуаты 600 орынды №4 мектеп, 900 орынды №161 мектеп және жобалық қуаты 600 орынды №35 гимназия ғимараттарына қосымша құрылыстар салу мәселесі пысықталуда», – дейді Медеу ауданы әкімінің орынбасары.

Ауданда 20 тамыздан бастап жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы өтті. Жоба аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 400 бала, сондай-ақ, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алды.

Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі 18 балабақша мен 82 жекеменшік балабақшадан тұрады. Тәрбиеленушілердің жалпы саны 6440 бала. ӨКҚ спикерінің хабарлауынша, әрбір балабақшада жобалық қуаттылықты 50 орынға ұлғайта отырып, №141, №114, 116 балабақшаларда күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, егер 2021 жылы жеке инвесторлар есебінен жалпы жобалық қуаты 306 орынды 6 балабақша ашылса, осы жылдың басынан бастап жалпы жобалық қуаты 367 орынды 7 балабақша ашылды. Жоғарыда көрсетілген проблемалар жоспарлы түрде ғимараттар мен жер учаскелерін жекеменшік иелерінен салу немесе сатып алу жолымен шешілетін болады.

«Ауданда халық тығыз орналасқандықтан, бос жер учаскелерінің болмауына байланысты Медеу ауданындағы әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйі өте өзекті мәселе болып отыр. Мәселен, «Кеңсай», «Көлсай», «Сұлу-сай» шағынаудандарында жақын маңда медициналық мекеме жоқ, 8 мыңнан астам тұрғын 10 шақырым жерде орналасқан №5 клиникалық аурухана жанындағы емханаға және №2 емханаға жүзінеді. 100 келушіге арналған жаңа отбасылық-дәрігерлік амбулатория ашу мақсатында Кеңсай тұрғындары үшін ғимарат сатып алынды, қаражат бөлінді. Ғимаратты жөндеу жыл соңына дейін жүзеге асырылады», – деп түйіндеді А.Нұрлыбаев.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Еркінбек Әмірғалиев мәлімдеді. Ол басқарма еңбек жағдайлары мен жұмысшылардың жұмыс процесіндегі қауіпсіздігі саласындағы заңнама ережелерін, мысалы, жұмыс күнінің ұзақтығы, жалақы, еңбек қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану және басқа да осындай мәселелер бойынша ережелерді қолдануды қамтамасыз етумен айналысатынын еске салды.

«Біздің басқарма заңды тұлға ретінде Әділет органдарында биыл 15 маусымда тіркелді, дегенмен еңбек қатынастары саласындағы функциялар бұрын Алматы қаласының әлеуметтік әл-ауқат басқармасы шеңберінде ғана жүзеге асырылды. Еңбек инспекциясы басқармасын дербес мемлекеттік орган ретінде бөлу Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларынан туындайды, оған сәйкес егер еңбек инспекторларына басқа функциялар тапсырылса, онда соңғылары олардың негізгі функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге және инспекторлардың кәсіпкерлермен және қызметкерлермен қатынастарында қажетті беделіне немесе бейтараптығына қандай да бір түрде нұқсан келтірмеуге тиіс, яғни еңбек инспекциясының қызметінде мүдделер қақтығысына жол берілмейді», – деп Еркінбек Әмірғалиев жаңа басқару себебін түсіндірді.

179 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды

Жыл басынан басқарма қызметкерлері азаматтардың еңбек құқығын қорғауға бағытталған 320 жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру барысында еңбек заңнамасы нормаларының 390 бұзушылықтары анықталды, заңдылықты бұзушылықты жою туралы 220 нұсқама берілді.

24,2 млн теңгеге 179 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды (86 заңды тұлға еңбек ақысын уақытылы төлемегені үшін 18 млн теңге төленді). Жеке және заңды тұлғалардың 3136 өтініші қаралды. Жалақы бойынша 212 кәсіпорында 300,8 млн теңгеге берешек өтелді, осылайша 642 қызметкердің еңбек құқықтары қорғалды.

Сондай-ақ, ол жыл басынан бері өндіріспен байланысты 59 жазатайым оқиға тіркелгенін хабарлады. Зардап шеккендер саны – 70, оның ішінде қайтыс болғаны – 6 адам, ауыр дәрежедегі жарақат алғандар – 21 адам, жеңіл дәрежедегі жарақат алғандар – 43 адам.

Еңбек заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша қала кәсіпорындарында 2236 адамның қатысуымен 87 кездесу өткізілді. Пандемиядан кейін көптеген жұмыс күші аралас немесе онлайн-жұмыс режиміне көшті. Еркінбек Әмірғалиев мұндай жұмыс режимі заңда қалай қарастырылғаны туралы айтты.

«Еңбек процесін жүзеге асырудың мұндай нысандары қолданыстағы заңнамада қарастырылған, бірақ еңбек кодексінде олар аралас қашықтықтан жұмыс және қа-

Келісім-шарт және қауіпсіздік

Биыл Алматыда еңбек заңнамасын бұзушылықтың 390 фактісі анықталды



шықтан жұмыс деп аталады. Біріктірілген қашықтан жұмыс – бұл жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша да, қашықтан жұмыс істеу арқылы да еңбек міндеттерін орындау кезеңдерінің ауысуы. Қашықтықтағы жұмыс – жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жұмыс беруші орналасқан жерден тыс еңбек процесін жүзеге асыру», – деп түсіндірді ӨКҚ спикері.

Қашықтықтан жұмыс істеуге еңбек шарты жасалады

Қашықтан жұмыс істеу еңбек шартын жасау кезінде де, еңбек шартына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде де белгіленетінін атап өткен жөн.

Еңбек шартын егер тәртіптік жазасы бар қызметкер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамаған немесе қайталап тиісінше орындамаған жағдайда тәртіптік жазалар қолдану талаптары сақтала отырып жүргізіледі. Қашықтан жұмыс істеу немесе аралас қашықтан жұмыс істеу тараптардың келісімі бойынша қызметкердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша белгіленуі мүмкін.

«Жұмыс беруші қызметкерді еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті жабдықпен, ақпараттандыру объекті-

лерімен, байланыс қызметтерімен және өзге де құралдармен қамтамасыз етеді. Ол, сондай-ақ, оларды орнату және техникалық қызмет көрсету шығындарын көтереді. Өз кезегінде қызметкер еңбек міндеттерін орындау барысында жабдықтарды, ақпараттандыру объектілерін, байланыс қызметтерін және жұмыс берушімен қамтамасыз етілген өзге де құралдарды пайдалануға міндетті», – деп жалғастырды ведомство басшысы.

Қызметкер еңбек міндеттерін орындау үшін өзінің жабдығын, ақпараттандыру объектілерін және өзге де құралдарды пайдаланған, сондай-ақ байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды көтерген жағдайда, жұмыс беруші өтемақы төлейді, оның мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі қызметкермен келісім бойынша белгіленеді.

Тараптардың келісімі бойынша қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерге жұмыс берушіге жұмысты орындауға байланысты электр энергиясының құнын қоса алғанда, басқа да негізделген шығыстар өтелуі мүмкін.

Қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлер үшін бақылау ерекшеліктері еңбек шартында немесе жұмыс берушінің актісінде айқындалатын жұмыс уақытының тәуліктік ұзақтығына шектеулерді ескере отырып, жұмыс уақытының тұрақты есебі белгіленеді.

Қашықтықта жұмыс істегені үшін еңбекақы еңбек шартында және жұмыс берушінің актісінде көзделген жұмыс көлемін орындаған кезде толық көлемде төленеді.

ПАРЛАМЕНТ

Конституциялық сот туралы заң жобасы мақұлданды

«Конституциялық заң жобасының мақсаты – Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа айналдыру бөлігінде Республика Конституциясына енгізілген өзгерістерді жүзеге асыру, мемлекеттің адам құқықтарын қорғау институттарын нығайту, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету. Заң және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімділігін кеңейту», – деп түсіндірді Әділет министрі Қанат Мусин палата отырысында.

Министрдің айтуынша, Конституциялық заң жобасы үш бөлімнен, 10 тараудан және 68 баптан тұрады. Мәні бойынша жобаны екі бөлікке бөлуге болады: бірінші бөлімде Конституциялық соттың, оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктері мен қамтамасыз етілуі, екінші бөлімде конституциялық сот ісін жүргізу тәртібі.

«Бірінші бөлімге келетін болсақ, Конституциялық Сот биліктің сот тармағына жатпайтынын атап өткім келеді, өйткені бұл мәселе Конституцияда шешілген. Конституциялық сот еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болады. Ал Конституциялық Соттың судьялары мәртебесі Конституцияда белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар болады», – деді Қанат Мусин.

Сондай-ақ, ол заң жобасы Конституциялық сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібіне қатысты мәселелерді егжей-тегжейлі реттейтінін айтты.

Заң жобасының екінші бөлігінде, ең алдымен, конституциялық сот ісін жүргізудің жалпы шарттары мен қағидаттары бекітілгені атап өтілді. Конституциялық Сотқа жүгіну түрлері, олардың нысаны мен мазмұны айқындалады.

ПОЛИЦИЯ

Есірткінің ірі партиясы тәркіленді

Алматы полиция қызметкерлері тұрақты есірткі тасымалдаушыны ұстады. Сот-химиялық сараптаманың қорытындысы бойынша қылмыскер тасымалдаған бірнеше мекенжайдан 1 келіден астам синтетикалық есірткі тәркіленді.

37 жастағы И. есімді күдікті азамат 3 мекенжайға бетбелгі қою барысында ұсталды. Изолентаға оралған есірткі заттары бірден тәркіленді. Сонымен қатар, күдіктінің Толстой көшесіндегі жалдамалы пәтері де тексерілді. Нәтижесінде асүйдегі сөреден жасыл және ақ түсті ұнтақты заты бар 40 байлам анықталды. Сондай-ақ, залдан қорап табылды, оның ішінде ұнтақты заты бар 331 бума болды. Самалдықтан қызыл, көк, ақ және жасыл түсті түйіршіктер мен ішінде ұнтақ түріндегі заты бар 5 пластик ыдыс табылды. Сараптама байламдар мен ыдыстарға синтетикалық есірткі оралғанын анықтады.

Аталған іс ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабының 3-бөлігімен сараланды. Қылмыскер УҰИ-ға қамауға алынды.

Алматыда есірткі таратқан орынның нақты арнасы анықталады. Қазір күдікті синтетикалық есірткіні интернет арқылы алғанын айтып отыр.

Күдікті қолға түсті

Алматы қаласының мешітінде ұялы телефонды қолды қылған күдікті қолға түсті. Оның ұрлық жасаған сәті бейнебақылау камерасына түсті. Бұл іспен Әуезов ауданының полицейлері айналысқан. Нәтижесінде тұрғылықты жері жоқ 42 жастағы жұмыссыз ер адам ұсталды. В. есімді азамат ұрлық жасаған кезде бейнебақылау камераларына түскен.

Жәбірленушінің айтуынша, ол қаладағы мешіттердің бірінде намаз оқып жатқан кезде ұялы телефонн



еденге қойған. Біраз уақыттан кейін телефонының жоқ болып кеткенін байқаған ол полицияға жүгінген.

«Күдікті сол күні ұсталды. Тінту кезінде ұрланған гаджет табылды. Ұсталған адам ұрлыққа қатысы барын жоққа шығармай, кінәсін мойындап, жасаған ісіне өкінгенін айтады. Аталған факт ҚР ҚК 188-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелді», – деді Әуезов аудандық ІІБ жанындағы полиция бөлімінің басшысы Елнұр Құдіретбаев.

Көктөбедегі лаңкес ұсталды

6 қыркүйек күні Көктөбенің етегінен өрт басталып, Кенсай шатқалы да отқа оранып, көп ұзамай сөндірілген еді.

Келесі күні Алматы полициясы бейнетаспадағы өрт тұтатқан күдіктіні ұстады. 1968 жылы туған ер адам өрт қойғанын мойындаған. Ол ішімдік ішіп алып, консерві жылытқысы келгенін, бірақ өрт бұталарға тиіп, өрші бастаған кезде қорқып, өрт шыққан жерден кетіп қалғанын айтқан.

Тілсіз жаудан 3 гектарға жуық жер өртенді. Бірақ өрт сөндіру қызметі қызыл жалынның кең таралуына жол бермей дер кезінде өшірді. Зардап шеккендер жоқ. Үйлер мен өзге де ғимараттарға нұқсан келмеген.



НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ

АЖЫРАСУҒА АСЫҚПАҢЫЗ...

Биыл жыл басынан бері
Алматыда 19 367 неке тіркеліп, 2608 неке бұзылған



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифинг неке және отбасы тақырыбын көтерді. Онда Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл Зәуреш Сатхожина, аталған департаменттің тіркеу қызметі саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ләззат Сыдықова және Түрксіб ауданы әкімі аппаратының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Жанна Дүйсембаева сөз алды.

Зәуреш Сатхожинаның айтуынша, былтырғыға қарағанда биыл заңды некеге тұрған алматылықтар саны едәуір артқан.

Жалпы, биылғы 8 айда Алматы қаласында 84 507 азаматтық хал актісі тіркелген. Бұл тізімде 48 200 туу және 12 326 өлім актісі бар. Сонымен қатар, 19 367 неке ресми есепке алынған. Ал былтыр дәл осы кезеңде 16 952 неке тіркелген болатын.

Өкінішке орай, ажырасу дерегі де аз емес. Жыл басынан бері 2608 неке бұзылған (2021 жылы бұл көрсеткіш 1870 болған), ал 2006 акт фамилиясын, атын және әкесінің атын ауыстыру бойынша (былтыр – 1574) тіркелген.

Тегін ауыстыру демекші, заңды некеге тұрғанда көбіне мұсылман қыздар күйеуінің тегін таңдамай, өз тегінде қалып жатады екен. Бұған

себеп – олардың атадан балаға мұра болып келе жатқан қазақы дәстүрді қадірлейтіні, яғни келін қайын атасының атын, тегін тікелей атағысы келмейтіні.

Түрксіб ауданы әкімі аппаратының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Жанна Дүйсембаева осы саладағы 30 жылдық тәжірибесінде ерлі-зайыптыларды мүмкіндігінше ажырастырмау, тауластыру жолында жұмыс істеп келе жатқандарын атап өтті. Оларға «ажырасуға асықпаңыздар» деп әлі де ойлануға уақыт беретіндіктерін, сабырға келуге, сүйіспеншілікті сақтауға шақыратындықтарын айтты. Мәселен, былтыр Түрксіб ауданында 370 ажырасу дерегі тіркелген. Ал «ажырасамыз, болды, бітті» деп келген 84 некені сақтап қалған.

Спикерлердің айтуынша, ажы-



расудың негізгі себептері – арада баланың жоқтығы, баспананың болмауы, жұмыссыздық, ерлі-зайыптының бірінің ішімдікке жақын болуы немесе есірткіге тәуелділігі, «көзге шөп салу» сынды сатқындықты кешіре алмау. Тіпті, ерлі-зайыптының ажырасуына кей жағ-

дайда ата-аналары да себепкер болып жататын көрінеді. Ал ажырасу туралы арыз жазатындардың 70 пайызы әйелдер екен.

Ажырасу салдарынан екі ортадағы бейкүнә балалар зардап шегетіні қиын. Бала демекші, биыл Алматыда туу туралы актіні тіркеу

көрсеткіші айтарлықтай артқан. Жыл басынан бері Алматыда 48 200 бала дүниеге келген. Ал былтыр туған сәбилер саны 43 323 еді. Қандай жағдайда да осы балалар үшін, олардың болашағы үшін ажыраспаудың қамын қылсақ, игі еді деп түйіндейміз сөзімізді.

СЫРЫМ МЕНІҢ ОСЫндай

АРАЙ, 41 жаста:

«Сезім болмаса, бәрі бекер»

Екі балам бар. Ажырасқаныма төрт жылдан асты. Күйеуім қайта қосылайық деп бірнеше мәрте келіп еді, көңілімнің суып кеткенін біліп, үзілді-кесілді бас тарттым. Ештеңе болмағандай «өтірік» өмір сүре алмайтын сияқтымын.

Екеуіміз үлкен сүйіспеншілікпен қосылдық деп айта алмаймын. Оған үйлену керек болды, анасы төсек тартып жатыпты. Ал мен жетім қалған екі бауырымды аяқтандырайын деп жүріп

ЖАДЫРА, 26 жаста:

«Ішкен үйде қайдан береке болсын!»

Біз екі рет ажырасып, екі рет қосылдық. Бәріне кінәлі – арағы. Қойғыз алмадық. Емдептеген, қаратпаған жеріміз қалмады. Үлкен қалаға келсек, өмір сүрудің оңай емес екенін біліп, есін жиып, отбасы алдындағы жауапкершілігін сезініп, жұмыс істеуге, ақша табуға талпынар деп үміттенген едім. Бірақ олай болмады. Сол ішкі әлі. Пәтерақымызды ата-енем зейнетақысымен ай сайын төлеп беріп отыр. Азық-түлікті де ауылдан таксимен беріп жібереді. Күйеуім соған иек артып алған, кеш батса жоғалып кетеді.

АЙДАР, 29 жаста:

«Әйел-аналарға даналық керек»

Әйелім қызғаншақ болды. Ол да бір аурудың түрі дейді ғой білетіндер. Тіпті, жүріп-тұру мүмкін болмай кетті. «Неге кешігіп жатсың?» дейді, «кептелістен шыға алмай тұрмын әлі» десен, бейнеқоңыраумен тексереді, шынымен кептелісте тұрған-тұрмағанымды білу үшін. Өзің шілінгір шілдеде жұмыстан шаршап шығып, сіркең су көтермей рульде шығғырылып отырғанда, мұндай әрекеттер жүйкеңді тоздырады. Жұмыста жүргенде де минут сайын телефон соғады. Жанымдағы кісілерден ыңғайсызданамын. Оларға әйелдерінің дәл солай қоңырау шалып жатқанын бір көрмеппін. Өзім арақ-шарап, сусындар қоймасында істеймін, ауыр жұмыс, тауарларды үлкен жүк көліктеріне тиейміз. Сондай

МАНАТ, 28 жаста:

«Басын босаттым»

Біз бір-бірімізді риясыз сүйіп қосылдық. Иссапарға кеткенде, телефонмен сағаттап сөйлесе беретінбіз, айтар әңгімеміз таусылмайтын. Бізге әрқашан ортақ тақырып табыла кететін. Айналамызда бейне екеуімізден басқа адам жоқтай еді. Бірақ ерлі-зайыптының махаббатын үстеп тұратын арада сәби болмаса қиын екен.

қалған едім. Екеуіміз де алып-ұшып тұрған жас емеспіз, ақыл тоқтатқан ересек адамдармыз, жақсы өмір сүріп кетеміз деп сендік. Бірақ арамызға тұрмыстан шығып келген қайынсіңлім араласа берді. «Есіктің алды дұрыс сыпырылмапты», «кастрюльдің күйе түбін неге жоғары қаратып қойғансың» деген сияқты іліктер таба кететін. Балаларымыз да жиі-жиі шекісіп қала беретін. Бізге «қойындар» дейтін ене жоқ, өмірден өтіп кеткен. Күйеуім қарындасына да қарсы келе алмайды, менің де көңілімді қалдырғысы жоқ, құлағын басып сыртқа шығып кететін. Сонымен, ажырасып тындық. Менің түсінгенім, екі адамның арасында ыстық сезім болмаса, бәрі бекер.

Құмар ойындарға барып жүрген секілді көрінеді маған кейінгі кездері.

Бізді ажырасып кетпесе екен деп жаны қалмайды ата-енемнің. Сол үлкен кісілердің көңілі үшін, соларды жерге қаратпайыншы деп жүрген секілдімін кей-кейде ойлансам. Ішкен адамның үйінде қандай береке болсын, таңға дейін ұйқы жоқ, ерсілі-қарсылы жүреді де қояды. Саған келіп соқтығысады. Екі-үш рет қолы да тиді. Балаларымыз әлі кішкентай, сонда да болса естері кіріп келеді, әкелері есіктен қисаландап еніп келе жатқанын көрсе, үрпісіп қалады. Жүрегім ауырады тіпті. Ата-анама екі баламен сыймайтынымды да, «өзің таптың, біз қосқан жоқпыз» дейтінін де жақсы білемін. Білмеймін, қашанғы шыдарымды. Маған кейде қазақ әйеліне бәріне шыдау, көну міндетті сияқты болып көрінетіні бар...

сәтте телефон соққаны миға сыймай кетеді ғой. Өзі баламен үйде отырған соң іші пысатын шығар деп те ақтап алатынмын. «Неге звондай бересің, бізде тек еркектер істейді, әйел адамдар жоқ» деп ақтала берген де жақсы емес. Бірде «неге кешігіп жатсың» деп бір жастағы баламды құшақтап, таксимен жетіп келіп тұр. Тойға, кішігірім отырыстарға барған күніміз күн болмайды, міндетті түрде «төбелесіп» қайтамыз. Осындай болмайтын тергеп-тексеруден қажисың, шыны керек. Екеуімізде де агрессия пайда болды. Бұл бала мінезіне кері әсерін бере бастады. Сондықтан бірде болмаса бірде ашуден қолым тиіп кетіп, жазым қылармын деп, ажырасып тындық.

Еркек түзден келгенде, алдында шайы, тамағы дайын тұрса болды ғой, ол ешқайда кетпейді. Үйде жайлы, жылылық болса, біз далаға қашпаймыз ешқашан. Әйелің құлақ етінді жей берсе, үйден безбегенде, қайтесің?! Кез келген отбасында алдымен әйелдердің, аналардың даналығы керек деп ойлаймын.

Қашанғы бір-біріміздің бетімізге қарап отыра береміз. Мен бала сүюге қабілетсіз болып шықтым. Баласыз алты жыл тұрдық. Күйеуіме разымын, менің көңілімді аялап осынша жыл жүрді.

Қазір бала асырап алу мүмкіндігі зор ғой. Бірақ әлі жас, өз баласы болсын деп, басын босаттым. Ішім удай ашыды, қимадым өзгеге. Оны сүйгендіктен шын бақыт тілеп қала бердім. Қазір ол елордаға көшіп кетті. Ол да жүрегін ауыртқысы келмеген шығар деп ойлаймын.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ажырасуға болмайтын елдер

Кез келген мемлекетте неке мен ажырасуға арналған заң болады. Ажырасу процесі тек сот арқылы шешіледі. Ал ажырасуға мүлдем рұқсат етпейтін елдер де бар.

ФИЛИППИН – ерлі-зайыптының ажырасуына тыйым салған мемлекет. Бұл елде ажырасу жайлы заң не құқықтық акті жоқ. Ажырасу заңсыз болып саналады. Мұнда тек мұсылмандар ғана ажыраса алады. Оның өзінде дәстүрі мен шарты бар көрінеді, яғни шариғат жолымен ажырасады.

Жат елде жүрген филиппин азаматтары да ажыраса алмайды. Егер ажырасқан жағдайда, Филиппин елінде оның заңды күші болмайды. Бірақ ерлі-зайыптының біреуі шетел азаматы болса, онда ажырасуға рұқсат.

ВАТИКАН – жер шарындағы ең кіші мемлекет. Христиан дінінің католик бағытын ұстанатын бұл елде де ажырасуға тыйым салынған. Яғни ажырасуды реттейтін заң жоқ.

Католиктер отбасын үлкен құндылық санайды әрі киелі, қасиетті деп бағалайды. Сондықтан ерлі-зайыптылар некесіне адалдық танытуға тырысады.

АҚШ-тың кейбір штаттарында неке туралы заң қаталдау. Ажырасу үшін нақты себеп керек. Егер ері мен әйелінің біреуі «көзге шөп салса» ғана, заң тұрғысынан ажырасуға рұқсат.



БАСҚАРМА

15 мың үй жануары чиптеледі

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Омаров қаңғыбас жануарлардың санын реттеу бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып берді.

Ерлан Омаров осы жұмыстың негізгі операторы Алматы қаласы әкімдігіне қарасты кәсіпорын – Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының ШЖҚ «Қалалық ветеринариялық қызмет» КМК екенін атап өтті.

Спикердің айтуынша, қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде, қараусыз қалған ғимараттарда, қала шетінде, саяжай алқаптарында және басқа жерлерде) қараусыз қалған, қаңғыбас жануарлар ауланады.

Егер жануарда чип табылған жағдайда PetControl деректер базасынан (PetControl – үй жануарларын есепке алатын ақпараттық жүйесі) қарап, жануарды қайтару үшін жа-

нуардың иесімен хабарласады. Сондай-ақ, жаракаты бар-жоғын анықтау үшін ветеринарлық маман клиникалық тексеруден өткізеді. Табылған жағдайда алғашқы ветеринариялық көмек көрсетіледі.

Мегаполистің кез келген тұрғыны өзінің жануарын өтінім беру арқылы чиптете алады.

Алматы қаласы ветеринариялық қызметінің басшысы Адис Сейдақматов қараусыз және қаңғыбас жануарлардың санын реттеу мәселесінде қоғамдық бірлестіктер мен жануарларды қорғау ұйымдары ынтымақтастықта жұмыс істейтінін жеткізді.

«Қазіргі уақытта біздің ветеринариялық мамандар Алматы қаласының аумағында үй жануарларын есепке алуы қамтамасыз ету мақсатында үй жануарларын, атап айтқанда иттер мен мысықтарды чиптеуді өтеусіз негізде жүргізуде. 2022 және 2023 жылдары 15000 үй жануарын чиптеу жоспарланған», – деді веткызмет өкілі.

Спикер чиптеу ұғымын түсіндірді. Чиптеу – бұл жануарларды (иттер, мысықтар) электронды сәйкестендіру, бұл жануардың терісі астындағы микрочиптің имплантациясы, онда 15 таңбалы бірегей нөмір бар, ол жануармен бірге өмір бойы қалады.

Айта кетсек, Алматы қаласының әкімдігі үй жануарларын зарарсыздандыру үшін тиісті қаражат бөледі, бұл қаңғыбас жануарларды азайтуды қамтамасыз етуі тиіс.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік қызмет: ӘДЕП КОДЕКСІ

Әдептілікті сақтау сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ретінде, Бірінші институционалды реформадағы кәсіби мемлекеттік аппаратты құру жағдайының бірі мемлекеттік қызметтің әдептілігі болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбетіне қойылатын талаптар, сондай-ақ мінез-құлқының негізгі стандарттары Әдеп кодексіне белгіленді.

Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

Адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

Өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

Әдеп кодексіне сай, қызметкердің жұмыспен қатар, тұрмыстағы жүріс-тұрысы да таразыға салынады. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы моральдық-этикалық талаптарын сақтауға міндетті. Қарапайым болуға, мемлекеттік органдарға шағымданған кезде өз лауазымын пайдаланбай, жалпы қарапайым халықтың өкілі, азамат ретінде өз құқықтарын жүзеге асыруға міндетті. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға, мемлекет меншігін сақтауға міндеттеледі. Сондай-ақ, басшылық қызметтегі мамандардың ұжымда діни көзқарасын ашық көрсетуіне тыйым салынады. Және ол қызметшілерді қоғамдық, діни, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың жұмысына қатысуға мәжбүрлей алмайды. Тіпті, жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметкердің мас күйде жүруіне тыйым салынады.

Жаңа заңға сәйкес, еліміздегі тәртіптік

кенестер таратылып, орнына әдеп жөніндегі кеңестер құрылды. Онда қызметкерлердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі. Аса ауыр қылқ жасамаған жағдайда мемлекеттік қызметші сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жазаға тартылады. Ал бірнеше мәрте әдепсіздік танытқан қызметкер жұмыстан босатылады. Әдеп кодексе халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметкерлер азаматтар қойған кез келген сауалға мұқият болуы қажет. Шешімдер әділ, уақытылы және заңды болуы тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлер қоғамға қайшы әрекеттерге бармауы керек. Халық арасына мас күйде көрініп, өз мәртебелерін түсірмегендері жөн. Олар өзгелерге үлгі болуы қажет.

Б.ИБРАГИМОВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Әдеп жөніндегі уәкілі.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге 3 айға – 1801,50 теңге	15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге 3 айға – 4861,50 теңге	95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге 3 айға – 1321,50 теңге
--	---	--

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жаңа маршрут іске қосылады

12 қыркүйектен бастап жаңа №100 магистральды маршрут іске қосылады. Алматы қаласының Көлік холдингі қызметкерлерінің хабарлауынша, №100 автобус «Асыл арман» шағынауданынан Ташкент тракті бойымен – Райымбек даңғылы – Жетісу көшесі – Тәттібеков көшесі – Халиуллин көшесі – Есіл көшесі – Талғар трактісі – Бұқтырма көшесі «Орынтай» ықшамауданына дейін жүріп өтіп, кері бұрылып, кері бағытта жүреді.

Осыған байланысты №23 және №78 маршруттарының қозғалыс сызбалары өзгертіледі. Енді №23 маршрут «Қырғауылды» кентінен Сүйінбай – Ташкент трактісі – Райымбек даңғылы бойымен «Алматы-2» теміржол вокзалына дейін жүріп өтеді. Жоғарыда көрсетілген схема бойынша кері бағытта жүреді.

Ал №78 маршрут Ташкент трактісімен қозғалған кезде енді Алатау даңғылына бұрылып, Абай даңғылымен Б.Момышұлы станциясына дейін жүріп өтіп, кері айналып, кері бағытта жүреді.

Сонымен қатар, «Нұр Алатау» шағынауданында жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 10 қыркүйектен бастап №30 маршруттың қозғалыс сызбасы уақытша өзгертіледі.

Оңтүстік бағытта – Жароков көшесі – Исиналиев көшесі – Алматы көшесінде кері айналу – «Алматы көшесі» бақылау нүктесі. Солтүстік бағытта – қозғалыс «Алматы көшесі» бақылау нүктесінен басталады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРҰ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



АСАНБАЙ АСҚАРОВ – 100



Абыройы асқақ Асқаров

Биыл 15 қыркүйекте көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, қазақ үшін қажырлы қызмет еткен тұлға Асанбай Асқаровтың 100 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Осы орайда, дара да дана тұлғаның өмірі мен қызмет жолына аз-кем тоқталып өтсек дейміз.

Асанбай Асқарұлы 1922 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Тәтті ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Фрунзедегі педагогикалық училищеге оқуға түседі. Оны 1939 жылы аяқтап, еңбек жолын мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі болып бастайды. 1942–1946 жылдары әскери міндетін өтегеннен кейін ел басқару жолындағы алғашқы ірі қызметі – Мерке аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалады.

Жамбыл облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Жамбыл облыстық компартиясының бюро мүшесі ретінде өз біліктігін барынша көрсете білген ол 1965 жылы Алматы облыстық обком партиясының бірінші хатшысы қызметіне ауысады. А.Асқаров 1978 жылға дейін осы қызметте істеп, облыстың ғылыми-техникалық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық әлеуетін биік деңгейге көтереді. Ал 1978–1985 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысын басқарып, бұл

өлкенің де өсіп-өркендеуіне үлес қосады. Мемлекет тарапынан қойылған жоспардан тыс аймақ көркеюі үшін Даңқ мемориалы, балалар темір жолы, ипподром, зоопарк сияқты халыққа қызмет ететін нысандарды іске қосты.

Зейнет жасына келген соң, қайтадан Алматыға оралған қазақ басшының елі алдындағы беделінен сескенген кеңестік билік Асанбай Асқаровқа жалған жала жауып, 4,5 жылдай қамауда болады. Алайда, тағылған айыптың бірде-біреуі дәлелденбей, Жоғарғы сот төралқасының шешімімен ол толық ақталады.

Асанбай Асқаров дара басшы ғана болып қоймай, шығармашылық пен ұстаздыққа да көңіл бөлген дарынды тұлға болды. Оның «Тағдыр», «Судьба», «Жұмақ пен тозақ жырлары» атты өлең кітаптарымен бірге «Ұлы Тұранның ұлдары», «Мен еліммен бір-егемін», «Өлмейтұғын артымда сөзім қалса» атты өсиеттер жинағы жарық көрген.

КӨЗКӨРГЕН



Амантай қажы АСЫЛБЕК, қоғам белсендісі, «Аттан, Қазақстан!» қозғалысының басшысы:

Асанбай ағамыз тұрмеде отырғанда одан талай жақындары теріс айналды. Сонда мен ағамыздың үйіне де, өзіне де жиі баратынмын. Сонда ол кісінің адамгершілігі, кішіпейілдігі, керемет даусы бізді баурап алатын. Кездескенде «кел, отыр, бата бер» деп жылы қарсы алатын, «сен иман жолымен жүрдің» деп маған сондай қайрат пен қуат беретін. Асанбай ағаның өзінің әулиелігі көп. Ол кісі маған талай бата берді. Қазір мен Дінмұхамед ағамыздың, Асанбай ағамыздың салып кеткен жолын ғана сақтап жүрмін. Бүгінгі тілмен айтқанда, шәкіртімін, керек болса баласымын.

Асанбай Асқарұлы «Елім дегенде, езіледі жүрегім. Елім менің, бақытым деп білемін» деп жырлап, ел үшін қызмет еткен нағыз қаһарман қолбасшы. Қазақстанның үш облысын гүлдендіріп, елді біріктірген тұлға.

Досбол АТАЖАН.

САХНА

Театр шымылдығы ашылды


Жас театрының шымылдығы «№37» спектаклімен ашылды.

Театр ұжымы шымылдығын эзербайжан драматургі Исмаил Иманнның «Астара бақтары» пьесасының желісі бойынша сахналанған «№37» спектаклімен ашты. Қойылым Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының кіші залында өтті.

Спектакль желісі бойынша он бес жыл бұрын ел тарихындағы ең үлкен террористік акт орын алып, көптеген жазықсыз адамдардың өмірі қираған. Бірақ араға он бес жыл салып,

қайғылы оқиғаның кезекті еске алу күнінде Якубовтар отбасының әдеттегі өмір салты күрт бұзылады. Бастарына қайғы орнаған жақын адамдардың алдарына келіп тұрған жолаушының – ақымақ диуана ма, әлде өмірге қайта келіп, мәнін тапқан саяхатшы ма, яки жай ғана қорқақ жексұрын ба, кім екенін түсінуге тырысады.

Бұрын қазақ сахнасында сахналанбаған жаңа спектакльде Еркебұлан Дайыров, Асан Мажит, Тынышқұл Сұлтанбердиева, Сағызбай



Қарабалин, Зарина Кармен, Алмат Құрақ және Лиза Серікова басты кейіпкерлерді сомдады. Қойылымға Фархад Молдағали режиссерлік етті.

Айта кеткен жөн, «Шам»

театры қазақстандық барша театр актерлерінің басын түйістіріп, түрлі идея бөлісетін ортақ өнер алаңын қалыптастыру үшін құрылған.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ФИЛЬМ-ДЕБЮТ

Балалық шаққа апаратын «Мереке»



Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Мереке» (әзірге атауы осылай аталады) қысқаметражды фильм-дебюттің түсірілім кезеңін аяқтады.

Түсірілімге бір апта ғана уақыт кеткен. Кинокартина ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны мемлекеттік қолдау орталығының қолдауы-

мен «Қазақфильм» киностудиясында түсірілді. Фильмде басты рөлдерді танымал актерлер Дулыға Ақмолда мен Данияр Бектенов ойнады.

Басты кейіпкері 7 жасар Айдар – жергілікті кәсіпкер Сәкен мен үй шаруасындағы әйел Әлияның жалғыз ұлы. Оқиға желісі өмірдің әрбір сәттерін, балалық шақтағы ғажайып естеліктерді ұмыт қалдыратын адам санасы мен оған қайта апарар жол турасында өрбіген. «Картина ықшам болса да, шамалы күннің ішінде команда бір-біріне үйреніп қалды, жоба үшін жұмыла атсалысты. Біз үшін ең қиынға соққаны трасса бойындағы сахналарды түсіру болды. Фильмде күннің батуы, атуы сияқты режимдегі сахналар көп, соларды түсіріп үлгеру үшін тәртіп өте қатаң болды. Мен үшін алғаш рет бала актермен және үлкен актермен жұмыс істеу жаңа тәжірибе болды. Дулыға ағаның түсірілім алаңында көп көмегі тиді», – дейді фильмінің сценарий авторы әрі қоюшы режиссері Іңкәр Кәрім.

Бұл жобаға дейін жас режиссер жекеменшік қысқаметражды фильмдер түсіріп келген. Олардың біразы кинофестивальдерге қатысып та үлгеріпті.

Енді жақын арада шығармашылық топ «Мерекенің» монтаждау процесіне кіріспек. Ал көрермендерге келер жылдың басында ұсынылады.

Нұржамал ӘЛШЕВА.

КИНОКЕҢІСТІК

«Ағайындылар» шетелге шығады



Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген Дархан Төлегеновтің «Ағайындылар» атты дебюттік толықметражды фильмі биыл 14–18 қыркүйек аралығында өтетін Oldenburg International Film Festival (Германия) беделді кинофестивалінің бағдарламасында көрсетіледі.

«Ағайындылар» фильмі балалар үйі түлегінің өмірі туралы баяндайды. Ақжол қылмыстық әлемге шатылып жүріп, өмірде інісінің бар екенін де білмейді. Екеуі кездейсоқ кездескен соң отбасын табуға үміттеніп, әкесін іздей бастайды...

Режиссер Дархан Төлегенов екі ағайындының кинокартинадағы тағдыры шынайы өмірден туындағанын айтады. «Менің де інім бар. Мен жай ғана осы тақырыпта ойланып, толғандым: егер бір-бірінің бар екенін білмеген ағайындар кездесіп, ортақ болашаққа үміт артса ше? Міне, осы тақырыпта фильм түсірім келді», – дейді режиссер.

Басты рөлдерде Әлішер Исмаилов, Айбар Салы және Азат Жұмаділ. Картинаның креативті продюсері өткен жылы қайтыс болған өнер жұлдызы Фархат Әбдірайымов болды.

«Ағайындылар» келер жылдың басында отандық прокатқа шығады деген болжам бар.

Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЗООБАҚ

Керік төлдеді

Алматы хайуанаттар бағында Хан мен Сұлу атты керіктер жұбынан кішкентай керік өмірге келді. Кішкентай жираф биыл шілде айының соңында туған.

«Біз зообағымыздағы жаңа төлдердің туғанын олардың кішкене өсіп, қатайғанынан кейін ғана көпшілікке



жариялаймыз. Әзірге ол әкесі мен әпкесінен бөлек, анасымен бірге тұрады. Оған әлі ат қойылмады. Сондықтан біз кішкентай керікке жаңа ат қоюға байқау жариялаймыз. Сүйкімді жануардың түріне қарап, ерекше есімдердің нұсқаларын айтыңыздар. Парақшамызға пікір қалдырып, өз ұсыныстарыңызды жазыңыздар», делінген Алматы зообағының Instagram парақшасында.

Биыл тұяқтылар бөлімінде 19 төл өмірге келіпті. Алматы хайуанаттар бағының мамандары жыл соңына дейін әлі жағымды жаңалықтар болатынын хабарлады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.